

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі

қолжазба құқығында

Алимжанов Бржан Нуржанович

**NEET ЖАСТАРЫМЕН АРНАЙЫ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ
ЖЕТІЛДІРУ**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M041119 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші _____ Орсариев А.А.,
саяси ғылымдарының докторы,
профессор

Жоба қорғауға жіберілді: «_____» _____ 2023 ж.

Мемлекеттік саясаттың
ұлттық мектебінің директоры _____ Абдыкаликова М.Н.

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ.....	5
НЕЕТ ЖАСТАРҒА БАҒЫТТАЛҒАН АТАУЛЫ СИПАТТАҒЫ ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ ШОЛУ	7
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НЕЕТ ЖАСТАР ҮЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨМЕНДЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ.....	18
НЕЕТ ЖАСТАРМЕН АТАУЛЫ ЖҰМЫСТЫҢ ДЕҢГЕЙІНЕ АРНАЛҒАН САУАЛНАМА МЕН САРАПШЫЛАРМЕН ӨТКІЗІЛГЕН СҰХБАТ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ.....	30
ҚОРЫТЫНДЫ	45
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	49
ҚОСЫМШАЛАР	52

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ. Мемлекеттік жастар саясаты;

18-29 жас аралығындағы NEET жастарды, оның ішінде 2018 жылғы түлектерді жұмыспен қамту және әлеуметтендіру бойынша жол картасы;

Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспар;

«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

Белгілеулер мен қысқартулар

- «NEET» - (ағылшынша – Not in Education, Employment or Training) экономикалық, әлеуметтік және саяси сипаттағы әртүрлі факторлардың әсерінен еңбек нарығы және білім беру саласымен қамтылмаған жастар
- ҚР - Қазақстан Республикасы
- ХЕҰ - Халықаралық еңбек ұйымы
- ЭЫЖДҰ - Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
- ҚР СЖЖРА-ның ҰСБ - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы
- «Жастар» ҒЗО - «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы

Кіріспе

Соңғы жылдары адамзат тарихында орын алған қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы оқиғалар адамзаттың дәстүрлі құндылықтар жүйесі мен азаматтық ұстанымдарына күрделі өзгерістер енгізді. Бұл ретте, әлем жұртшылығын дүр сілкіндірген «COVID-19» коронавирусы инфекциясы пандемиясының әсері бөлек екені анық. Себебі, экономикалық тұрақсыздық пен іскерлік әлеуеттің шектелуіне байланысты жүйелі дағдарыстар, тоқыраулар тек нарықта ғана емес, адамдардың санасынан да орын алды. Осы кезеңде мемлекеттің басқарудың күн тәртібінде ұлттық экономикадағы тұрақтылықты қамтамасыз етумен қатар, пандемияның әсерінен әл-ауқаты төмендеген, табысынан айырылған жеке топтарға кең әлеуметтік қолдау көрсету мәселесі де тұрғаны айқын. Әсіресе, бұндай сипаттағы жаһандық сын-қатерге кезікпеген, өмірлік ұстанымдары толық қалыптаспаған жас буынның өкілдері мемлекеттің ерекше қамқорлығына мұқтаж болды. Дәл осындай жағдайларда мемлекеттік биліктің тарапынан уақытылы, әрі тиімді көрсетілген қолдау, ұлтты ұйыстырып жаңа даму кезеңіне жол салады.

Бұл тұжырым тәуелсіз тарихын 30 жыл бұрын ғана бастаған Қазақстан секілді жас мемлекет үшін маңызы бөлек. Себебі, елдің осы даму кезеңіндегі тек жолы ғана емес, халқы да жаңа, әрі жас. Отандық заңнамада әлеуметтік топ ретіндегі жастардың жаңа жас межесінің анықталуы, олардың халықтың құрамындағы үлесін арттырып 1/3 бөлігіне дейін жеткізді. Статистикалық мәліметтерге сәйкес келер онжылдықта жастардың үлесі арта түседі деген болжам бар [1]. Демек, өскелең ұрпақтың мемлекеттегі адами капитал әлеуетінің артуына қосар үлесі салмақты болуы тиіс.

Аталған міндет мемлекеттік жастар саясатының басым бағыттарының бірі. Бүгінде дамуының келесі сатысына өтіп жатқан отандық жастар саясаты саласында шешімін қажет ететін түйткіл мәселелер бар. Саладағы бірқатар статистикалық сандық көрсеткіштерді сәтті оңалту және орта мерзімді бағдарламалық құжаттарды жүзеге асуы жастар арасындағы мәселелердің тізбесіне түбегейлі өзгерістер енгізген жоқ.

Мәселен, базалық көрсеткіштердің нақты жақсаруы байқалмайды, оның ішінде: жасөспірімдердің арасындағы суицидтер саны бойынша Қазақстан әлемдегі үштікке кіреді [2], никотиндік, алкогольдік және нашақорлық тәуелділік [3], жастардың арасындағы наразылық белсенділік пен әлеуметтік шиеленіс, жас мамандардың іскерлік белсенділігі мен кәсіби құзыреттілігі, жастар ұйымдарының жобаларына, мемлекет бастамашылық ететін бағдарламаларға жастардың қатысу деңгейі және басқалары.

Сонымен бірге, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы сын-қатерлердің жоғарлау қаупін арттыратын бірқатар ішкі және сыртқы факторлардың

ықпалының өсу тенденциясы бар. Негізгі проблемалық фактор – жастарға деструктивті ақпараттық әсердің күшеюі, оның салдары әлеуметтік стратификация жағдайында, басқа елдердің тәжірибесі көрсеткендей, жастар ортасындағы агрессивтіліктің жоғарылауы, діни төзбеушілік, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік шиеленіс секілді кереғар процесстерді жандандыруы мүмкін.

Басымдылық тұрғысынан қарайтын болсақ, жастардың арасында мемлекеттің ерекше бақылауында болуы тиіс әлеуметтік топтар бар. Елдер мен қатар халықаралық ұйымдардың пайымдауынша бұл тұрғыда басты назарды NEET санатындағы жастар мен ұйымдаспаған жастардың өзге өкілдеріне аудару қажет.

2022-2023 жылдар аралығында мемлекеттік жастар саясаты саласында орын алған жүйелі өзгерістер мен салалық заңнамадағы жаңашылдықтар осы саясатты үйлестіретін құзыретті органдар мен мүдделі тараптардың жұмысында жаңа тәсілдерді қолданудың негізі болмақ. Өз кезегінде, бұл бағыттағы тиімділікті қамтамсыз етуде қолданылатын әдіс-тәсілдер атаулы сипатта болғаны маңызды.

Магистрлік жоба аясында анықталған мақсат та осы оймен ұштас – NEET жастармен арнайы атаулы жұмысты ұйымдастырудың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нысаны ретінде NEET жастармен арнайы атаулы жұмыс анықталды, ал зерттеу пәні – бүгінде NEET жастарды сегменттеу және жеке есепке алу тәсілдері.

Мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу аясында негізгі төрт міндет анықталды:

- NEET жастармен арнайы атаулы жұмысты ұйымдастыру бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу (әдіс: контент-талдау);

- NEET жастармен арнайы атаулы жұмысты ұйымдастыруға бағытталған салалық тұжырымдамалар мен ұлттық жобаларға талдау жүргізу (әдіс: контент-талдау);

- NEET жастардың мемлекет тарапынан жүргізілетін арнайы атаулы жұмысқа қанағаттану деңгейін бағалау (әдіс: сауалнама);

- арнайы атаулы жұмысты ұйымдастыруда, әлеуметтік топтарға сегментациялауда және NEET-жастарды дербес есепке алуды ұйымдастыруда бар проблемаларды анықтау (әдіс: сараптамалық сұхбат).

Магистрлік жобаның нәтижесінде расталуы көзделген гипотезаның мазмұны келесідей – NEET жастардың жеке есебін енгізу және әлеуметтік топтарға сегменттеу мемлекеттік қолдау шараларының жеке пакеттерін әзірлеу арқылы тиімді арнайы атаулы жұмысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өз кезегінде бұл қадамдар бұл Қазақстандағы NEET жастардың үлесін төмендетеді.

NEET жастарға бағытталған атаулы сипаттағы жұмысқа арналған зерттеулер мен халықаралық тәжірибеге шолу

Әлем мемлекеттерінде жаппай өрбіген жұмыссыздық, халық табысының қысқаруы мемлекет тарапынан әлеуметтік саясатты жетілдіру, оның ішінде әл-ауқаты төмен, осал топтарға қолдауды кеңейтуде тиісті қадамдарды қабылдау қажеттілігін тудырды. Әсіресе, тиісті біліктілігі пен кәсіби тәжірибесі жеткіліксіз, қоғамдық ортаға толығымен қосылуды қиындық көретін жастар мемлекеттің ерекше назарында болуы тиіс. Осы орайда, аталған сипаттағы қоғамның жеке бөлігі - NEET санатындағы жастар.

NEET (Not in Employment, Education or Training) – экономикалық, әлеуметтік және саяси сипаттағы әртүрлі факторлардың әсерінен еңбек нарығы және білім беру саласымен қамтылмаған жастар. Бұл термин ресми құжаттарда алғашқы рет 1999 жылдары қолданылып, қазіргі уақытта жастар арасындағы жұмыссыздықты болжау, жастардың экономикалық белсенділігін бағамдау үшін қолданылады [4].

NEET жастар проблематикасы экономика, әлеуметтану, саясаттану және психология бағытындағы ғалымдар мен сарапшылардың қызығушылығы бар. Кейінгі жылдары жалпы әлеуметтік оқшаулануға бет бұрған жастардың әртүрлі санаттарының артуын байқауға болады, NEET жастар ұғымы күрделенуде. Демек, аталған жастардың топтарымен тиімді жұмысты ұйымдастыру үшін тың әдістер, тұлғаға бағытталған тәсілдер, атаулы сипаттағы шаралар күшеюі ықтимал.

Мысалы, М. Буланова өзінің «NEET-молодежь: опыт международной диагностики» мақаласында NEET жастарда Z буынының бөлігі деп қарастырады. Тиісінше, NEET жастар санының артуы еңбек күшінің құрамындағы Z буыны өкілдері үлесінің жоғарлауына тікелей тәуелді.

NEET жастарға Z буының қасиеттері де тиесілі. Батыс зерттеушілерінің пікірінше аталған жаңа ұрпақ өкілдеріне шынайылық тән, олардың саясатқа және саясаткерлерге деген сенімі төмен. Өз ұстанымдарына берік, басқаруға көнбейтін, өзгенің жетегін жүрмейтін тұлғалар ретінде сипатталады. Олардың құндылықтар жүйесінде, X және Y буындарымен салыстырғанда, жұмысқа деген қатынастары бейтарап және жеке өмір мен жұмыстың арасындағы ара-жігі айқын. Бұл ұрпақтан қоғам мүддесі үшін үлкен жеңістер мен жетістіктерді күтсеңіз, олардың жүзеге асуының басты алғышарты болатыны ұмытпаған жөн, ол – мүдде мен мансап тұрғысынан жеке қызығушылық.

Автор өз мақаласында NEET жастар негізгі екі топқа бөлініп қарастырылады: жұмыссыздар (жұмысы жоқ, бірақ белсенді түрде жұмысқа орналасуға ынталы) және экономикалық белсенділігі төмен (жұмысқа орналасуға баламалы жолдар таңдайтын жастар) [5].

Варшавская Е.Я. өзінің «Российская NEET-молодежь: характеристики и типология» атты мақаласында NEET жастар ұғымына 1980 жылдары ағылшын ғалымдарының ерекше назар аударғанын атап өтеді. Бірақ, бастапқыда бұл санатты сипаттау үшін «Zer0» термині қолданылса, кейін 2000 жылдардан бастап Ұлыбританияда және халықаралық ұйымдармен де (Еуро одақ, ЭЫЖДҰ, ХЕҰ) жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттау үшін, жастар жұмыссыздығымен қатар NEET ұғымы кеңінен қолданыла бастады.

Ғалым өз зерттеуінде NEET жастарды келесідей негізгі екі топқа бөледі: жұмыссыз және экономикалық белсенді емес жастар. Бұл тұрғыда, осындай сыныптама NEET тақырыбын зерттеумен айналысатын бір қатар авторлардың мақалаларынан кездестіруге болатынан атап өту қажет. Сонымен қатар, экономикалық белсенді емес жастар, еңбек күшіне енбеуіне байланысты себептерге орай келесідей жеке санаттарға бөлініп қарастырылады: үй шаруашылығымен айналысатындар, балалар немесе жанұяның өзге мүшелерін күтетіндер, денсаулық жағдайына байланысты, жұмыс іздеуден бас тартқандар, жұмысқа орналасуға қажеттіліктері жоқ жастар. Бұл ретте, автор денсаулық жағдайына байланысты жұмыспен қамтылмаған жастарды негізгі тәуекелді топтың қатарында болуына меңзейді [6].

Шестакова Н.Н., Скворцова М.Б., Кузьмина Л.К. «О человеческом капитале молодежи, которой NEET» атты мақаласында NEET жастар қоғамдық құбылыс ретінде әлемде кең таралғанын, бірақ өзгеше аталатыны келтіреді. Мысалы, осы санаттағы жастарға АҚШ-та «disconnected youth» (қосылмаған жастар), латын америка және батыс еуропаның бірқатар елдерінде «la generacion Ni-Ni», Жапонияда «хикикомори» деген атаулар берілген.

Авторлар NEET жастарды Ресейде кейде «дивандық синдром» деп те атайтынын келтіре отырып, компьютерлік технологиялар мен Y және Z буындарының ерекшелігін сүйене оның орнына «компьютерлік синдром» ұғымының ұйқасатынын алға тартады. Дегенімен де, ақпараттың технологиялардың дамуын ескерсек, бұл ұғымның баламасы ретінде «желі синдромы» секілді терминін қолдануға болады.

Сонымен бірге бұл мақалада авторлар «Өмір сүру және еңбек жағдайларын жақсартудың еуропалық қорымен» 2012 жылы әзірленген NEET жастарды сыныптау бойынша жеке санаттар енгізілгенін атап өтеді. Оның ішінде:

- жақындарын күтетін және денсаулық жағдайына байланысты жұмыс істемейтіндер;
- жұмыс істеуге немесе оқу талпынбайтын, қауіпті және асоциалды өмір сүру салтын ұстанатындар;

- жеке көзқарастары бойынша тек өздерінің біліктілігі мен біліміне сай бос жұмысын орындарын қарастыратын жастар («талғамы негізсіз жоғары жастар»);

- өз еркінше жұмыссыздықты немесе тұрақсыз жұмысбастылықты таңдаған жастар, әдетте олар мәдениет, музыка, өзіндік даму бағыттарына жақын болады [7].

Буланова М.Б., Артамонова Е.А. «NEET молодежь: потребительское поведение в новой реальности» мақаласында NEET жастарды сыныптаудағы ХЕҰ ұсынған әдістемені келтіреді. Екі негізгі топтан (жұмыссыз және экономикалық белсенді емес) жеті топқа кеңейтілген әдістеде жұмыссыз жастар мен NEET жастарды айқын ажырату тұрғысынан қиындықтар бар екенін атап өтеді. Сонымен бірге ғалымдар NEET жастарды жұмыстан мәжбүрлі түрде бас тартқандардан негізгі ерекшелігі ретінде олардың өзгеге (отбасына, мемлекеттік) қаржылық, тұрмыстық деңгейдегі тәуелділік ұстанымын атап өтеді [8].

Жалпы осы тақырыпқа арналған әдебиеттердің негізгі үлесінде NEET жастардың артуы мен білім жүйесінің тиімділігінің арасындағы тығыз байланысқа назар аударылады.

Мысалы, Bynner J., Parsons S. «The transition from school to work – the NEET (not in employment, education or training) indicator for 25- to 29-year-old women and men in Canada» атты мақаласында білім деңгейі мен NEET жастар үлесінің арасындағы айқын байланысты көрсетеді. Автордың пайымдауынша 25-29 жас аралығындағы ер және әйел адамдардың арасында орта білім алған адамдардың саны неғұрлым жоғары болған сайын NEET жастар үлесі соғұрлым төмен болады. Сәйкесінше, жоғары немесе кәсіби білімі бар адамдардың өсуі де, NEET жастар үлесі көрсеткішіне оң әсер етеді деген пікір айтылады [9].

«Социально-экономические эффекты образования: анализ данных стран ОЭСР и России» тақырыбындағы Агранович М.Л., Дренёва А.А., Ермачкова Ю.В., Ливенец М.А., Селиверстова И.В. авторлық құрамымен дайындалған баяндамада NEET тамырында кешенді себептер жатқан күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыс деп анықталады. Сонымен бірге, зерттеулердің нәтижесі елдегі немесе аймақтағы NEET деңгейі негізінен білім жүйесінің әлеуетімен байланысы келтіріледі [10].

Шетелдік ғалымдармен бірге NEET жастар проблематикасы отандық зерттеушілердің де қызығушылық танытқан пәні болып табылады. Академиялық ортамен бірге бұл бағытта кешенді, әрі жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізетін мекеме – «Жастар» ғылыми зерттеу орталығы. ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы 24-нші бабына сәйкес аталған орталыққа мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды ғылыми және әдістемелік қамтамасыз етуді міндеттері жүктелген [11].

Мысалы, 2021 жылы «Жастар» ғылыми зерттеу орталығымен NEET санатындағы жастармен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық: анықтамасы, есептеу әдістемесі, жұмыс алгоритмдері жасақталса, 2022 жылы «Қазақстандағы NEET жастардың әлеуметтік ұстанымдары» талдамалық баяндамасы жарық көрді.

Талдамалық баяндамада әлеуметтік әл-ауқат, NEET жастарының өміріне қанағаттану деңгейі отбасының материалдық әл-ауқатының деңгейіне тікелей байланысты екені атап өтіледі. Сонымен қатар, NEET жастардың сәтті әлеуметтенуінің алғышарты ретінде білім жүйесінің кәсіптік бағдарлау, кәсіпорындарда тәжірибеден өту, мемлекеттік қолдау шаралары бойынша ақпараттандыру бағытындағы жұмыстың тиімділігі арттыру келтіріледі [12].

NEET санатындағы жастармен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықта орталық NEET жастардың үлесін есептеудің және оларды анықтаудың (кіші топтар) жаңа тәсілдері қарастырылады. Осы тәсілге сәйкес NEET жастардың қатарына: жұмыссыз жастар, жұмыс істеу мүмкіндігінен айырылмаған мүгедек адамдар, белсенді емес жастар, үй жұмыстарымен айналысатын жастар енгізіліп, баламалы есептеу формуласы ұсынылды [13].

NEET жастар үлесінің артуы жалпы әлемде кең таралған, әрі мойындалған проблема екені айқын. Бұл ұғым тек дамушы немесе экономикалық жағдай осал елдерге қатысты проблематика деп айқындау қателік. Жастардың әлеуметтік оқшаулануының белең алуы, қоғамға сәтті әлеуметтенудегі кедергілерді еңсере алмаудағы қиындықтар экономикалық тұрғыда дамыған Жапония, Оңтүстік Корея, Еуропаның бірқатар елдеріндегі жастардың арасында да жиі кездеседі.

NEET жастарды әлеуметтендірудегі, оның ішінде атаулы сипаттағы жұмысты ұйымдастыруда халықаралық озық тәжірибені зерделеу осы бағыттағы отандық саясатты жетілдіруге негіз болатыны айқын. Осы орайда, мемлекеттер арасында аталған көрсеткіш бойынша ең төмен деңгейге ие елдердің қарастырған жөн.

Бүгінде бірқатар халықаралық және аймақтық ұйымдар NEET жастар мәселесін зерттеумен және тақырыптық мерзімді баяндамалар мен мәліметтерді жыл сайынғы негізді жариялауды қолға алғаны белгілі. Олардың ішінде, ХЕҰ мен ЭЫЖДҰ мәліметтерін қарастыруды орынды деп санаймыз.

ХЕҰ-ның мәліметтеріне сәйкес 2021 жылдың қорытындысы бойынша NEET жастар үлесінің деңгейі ең төмен мемлекеттердің тізбесі 1-кестеде келтірілген. Бұл ретте, келтірілген рейтинг тікелей ХЕҰ-ның зерттеулеріне сүйенгендіктен ұлттық мәліметтерден айырмашылығы болатынын атап өту қажет [14].

Кесте 1 – 2021 жылдың қорытындыларына сәйкес ХЕҰ-ның есептеулері бойынша NEET жастар үлесі ең төмен 15 мемлекеттің тізбесі

№	Мемлекет	Жалпы, %	Ерлер, %	Әйелдер, %
1.	Исландия	4,9	5,1	4,6
2.	Швеция	5,1	5,4	4,7
3.	Нидерланд	5,1	5,2	5,0
4.	Камбоджа	6,2	4,3	8,1
5.	Сингапур	6,2	6,4	6,0
6.	Норвегия	6,3	6,9	5,7
7.	Словения	6,6	6,8	6,4
8.	Чехия	6,6	4,9	8,4
9.	Дания	7,1	7,0	7,2
10.	Бельгия	7,4	8,2	6,6
11.	Германия	7,5	7,4	7,7
12.	Португалия	7,6	7,8	7,4
13.	Финляндия	7,7	8,4	6,9
14.	Беларусь	7,7	8,2	7,2
15.	Ирландия	7,7	8,6	6,8
Ескертпе – Автормен [14] дереккөз негізінде жасалған				

1-кестедегі мәліметтерге сәйкес 15 елдің 13-і әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан Еуропаның көшбастаған және 2-уі Азия кеңістігінде орналасқан шағын мемлекеттер.

Қазақстанның бұл рейтингтегі мәліметтері 2011-2016 жылдардың көрсеткіштерін қамтыған (2016 жылы – 9,5%). Қазақстан 2016 жылғы сандық мәліметтерге сәйкес NEET жастар үлесі бойынша 23-нші орында.

Керісінше ХЕҰ-ның мәліметтеріне сәйкес 2021 жылы NEET жастар үлесі бойынша антикөшбасшылар қатарына енген елдер – Ауғанстан (62,8%), Ирак (36,9%), Ботсвана (35,2%), Пәкістан (34,6%), Иордания (32,9%) және т.б.

NEET жастар үлесін анықтау бағытында зерттеулер жүргізетін тағы да бір ұйым – ЭЫЖДҰ. Аталған ұйымның жариялаған мәліметтерін есептеу барысында ХЕҰ-ның әдістемесі негізге алынғанның өзінде де 2-кестеде көрсетілгендей нәтижелі көрсеткіштер бойынша айырмашылықтар байқалады [15].

Кесте 2 – 2021 жылдың қорытындыларына сәйкес ЭЫЖДҰ-ның есептеулері бойынша NEET жастар үлесі ең төмен 15 мемлекеттің тізбесі

№	Мемлекет	Жалпы, %	Ерлер, %	Әйелдер, %
---	----------	----------	----------	------------

1	2	3	4	5
1.	Нидерланд	7.4	6.2	8.7

2-кесте жалғасы

1	2	3	4	5
2.	Люксембург	7.8	-	9.8
3.	Норвегия	8.4	9.1	7.6
4.	Исландия	9.4	8.3	10.5
5.	Словения	9.4	8.5	10.4
6.	Германия	10.2	9.0	11.5
7.	Австралия	10.4	10.0	10.7
8.	Дания	10.9	10.6	11.2
9.	Бельгия	11.3	11.2	11.4
10.	Швейцария	11.3	11.0	11.6
11.	Австрия	11.4	11.2	11.6
12.	Ирландия	11.8	11.8	11.7
13.	Ұлыбритания	11.8	12.2	11.4
14.	Швеция	11.9	11.8	11.9
15.	Чехия	11.9	5.3	18.9
Ескертпе – Автормен [15] дереккөз негізінде жасалған				

Сандық көрсеткіштерде айырмашылық болғанымен де 15 елдің негізгі құрамы бойынша сәйкестіктің деңгейі жоғары, яғни тізімдердегі 10 ел бірдей. Демек, NEET санатындағы жастармен жұмысты ұйымдастырудағы осы елдердің тәжірибесін зерделеу мақсаты өзекті.

Әлемдік тәжірибеде жастардың әлеуметтенуіне тікелей әсер ететін жалпы қабылданған заңдылық бар. Ол – жастардың келешекте қоғамға сәтті интеграциялануы отандық білім жүйесінің әлеуеті (сапасы) мен неғұрлым қолжетімді болуына тікелей байланысты. Бұл ретте, білім берудің барлық сатысы мензеліп отыр, яғни мектепке дейінгі балабақшадан бастап жоғары білімді алу. Демек, белгілі бір кезеңде NEET жастар үлесінің арту тенденциялары бірқатар жылдар бұрын білім саласында орын алған олқылықтармен белгілі бір деңгейде байланысты болуы әбден мүмкін.

Осы ойдың дәлелі ретінде NEET жастар үлесі төмен болып табылатын Нидерланд, Сингапур, Скандинавия елдерінің мысалын келтіруге болады. Аталған елдерде мектепке дейінгі және орта білім салаларына бағытталған инвестициялардың көлемі орасан зор. Осының нәтижесінде, балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту деңгейі жоғары [16].

Сонымен бірге, осы ойдың жалғасы ретінде американдық экономист, Нобель сыйлығының лауреаты Джеймса Хекманның мектепке дейінгі білім беруге салынған инвестициялар болашақта бірнеше есе қайтатыны дәлелдеген зерттеулерін де келтіруге болады. Бұл тұрғыда, мемлекеттік

инвестициялардың қайтарымы тек ақшалай нысанда емес, кешенді әлеуметтік тиімділік ретінде пайда беретінін атап өту маңызды. Оның ішінде, азаматтардың мемлекет жәрдемінен тәуелділігінің азаюы, жоғары жұмысбастылық, өнімділік және табыс, қылмыс деңгейінің төмендеуі секілді оң өзгерістер аталады. Яғни, аталғандар көп жағдайда NEET санатындағы жастармен байланыстыратын әлеуметтік қауіп-қатерлер тізбесіне ұқсас екені айқын [17].

Еліміздегі NEET санатындағы жастарға көрсетілетін атаулы көмектің негізгі бағыттарының бірі – кәсіби-техникалық білімді насихаттаумен байланысты болуы тиіс. Жалпы, білімі жоқ немесе тұрақты жұмыс істемейтін жастардың кәсіби-техникалық білім алуға қызығушылығын арттыру арқылы жастардың жұмыссыздығын төмендетумен қатар, бүгінде ұлттық экономикадағы жұмысшы мамандықтарына деген сұранысты қанағаттандыруда оң нәтижелерге қолжеткізуге болады.

Бұл тұрғыда, жастарды еңбекпен қамту саласында үздік көрсеткіштерге қолжеткізген Швейцарияның тәжірибесімен танысқан маңызды. Себебі, 2-кестедегі ақпаратқа сәйкес бұл мемлекетте де NEET санатындағы жастардың үлесі төмен.

Бұндай оң нәтижелерге қолжеткізудің басты алғышарттары білім жүйесіндегі ерекшеліктермен байланысты. Қарастырылып отырған елдің білім жүйесі «дуалды оқыту» қағидаларына негізделгені белгілі. Яғни, білім беру саласы мен өндірістің арасындағы байланыс өте мықты. Білім саласындағы осындай оң жетістіктерді Германия мен Австрияға да байланысты келтіруге болады.

ЭЫДҰ-ның мәліметтеріне сәйкес Швейцарияда орта мектепті бітірген оқушылардың 2/3 бөлігі жұмысшы мамандықтарын таңдайды. Бұндай таңдаудың жүзеге асуының екі негізгі астары бар – аталған мемлекетте жастардың арасында кәсіби білімнің және жұмысшы мамандықтардың дәрежесінің жоғары болуы.

Яғни, қоғамда өз орнын тауып, лайықты өмір сүру үшін жоғары білімнің болу міндетті шарт емес және бұл қағида халық арасында кеңінен мойындалған. Керісінше, Еуропада жастар жұмыссыздығы бойынша ең төменгі көрсеткішке ие Швейцария университеттік білімі бар адамдардың үлесі бойынша көш соңында [18].

NEET санатындағы жастардың төмен үлесін сақтап отырған скандинав елдерінің бірі – Норвегия. Бұл мемлекеттің қарастырылып отырған мәселені шешудегі ерекше ұстанымы – әр түрлі осал санаттағы жастарды жұмысқа қабылдауға дайын жұмыс берушілерге субсидиялар ұсыну. Осындай кешенді әдісті қолдану арқылы, жұмыс берушілердің қолдауға мұқтаж жастарды жұмысқа қабылдауына ынталандырады [16].

Швецияда жастарды жұмыспен қамтуға ынталы бизнес субъектілеріне жеңілдіктер ұсыну практикасы қолданылады. Осындай мемлекеттік қолдау шарасының жүзеге асуына негіз болған коронавирус инфекциясының пандемиясы екенін атап өту қажет. Сонымен қатар, Швецияда аймақтық деңгейде NEET санатындағы жастарды қолдауға бағытталған «Job Journey» жобасы жүзеге асырылады. Жобаның мақсаты адами ресурстарға мұқтаж аймақтарға, көшу мен бір ай бойы тұру шығындарын қамти отыра, NEET жастарды жұмыс іздеу үшін жолдама ұсыну [16].

Жалпы Еуро одақ елдерінде 2022 жылдан бастап жастарды мемлекеттік қолдау мақсатында іске асырылатын шараларды күшейту бойынша тиісті қадамдар қабылданды. Бұндай шешімге негіз болған – коронавирус инфекциясының пандемиясын еңсеру барысында әлеуметтік-экономикалық жағдайы нашарлаған жастарды кеңінен қолдау. Әсіресе, мемлекеттің ерекше назарына аз қамтылған, жұмыссыз және табысы төмен жастардың өкілдері мұқтаж болғаны анық.

Осы бағытта алғашқы қабылданған қоғамдық-саяси сипаттағы қадам – 2022 жылдың жастардың еуропалық жылы деп жариялануы. Тақырыптық жыл барысында жекелеген жобаларға қатысу арқылы жастарға білімін, мәдениетін, біліктілігі мен кәсіби тәжірибесін шыңдауға, өз кәсібін ашуға мүмкіндіктер ұсынылды.

Осы орайда, NEET жастарды қолдауға бағытталған екі бағдарламаның мысалын жекелей қарастыруға болады, олар – «Youth Guarantee» бағдарламасы мен «ALMA» бастамасы.

«Youth Guarantee» бағдарламасы 2013 жылдан бастап іске қосылды. Оның мақсаты – жұмысынан айырылған немесе оқуын аяқтаған 30 жасқа дейінгі азаматқа төрт айдың ішінде жұмыс, оқу, оңалту немесе тағылымдамаға байланысты лайықты ұсыныс жасау. Негізгі екпін цифрландыру мен жасыл экономикаға өтуге байланысты мамандықтарға жасалады. Ұзақ мерзімді қамтитын мәліметтерге сүйенсек аталған бағдарламаға қатысқандардың жартысынан көбі 6-8 айдың ішінде тұрақты жұмысқа орналасқан.

«Youth Guarantee» бағдарламасының аясында 2013-2020 жылдар аралығында жұмыссыз және NEET жастардың саны 1,7 млн. адамға азаюы мен 2020 жылдың басында жастар жұмыссыздығының күрт төмендеп 14,9%-ды құрауы аталған қолдау шараларын арттырып, жалғастыруға негіз болды. Бұдан бөлек, бағдарламаның бірігей әлеуметтік әсерін атап өткен маңызды – кезінде осы бағдарламаға қатысқан 24 млн. астам жастардың өкілдері жаңа қатысушыларға жұмыс, оқуды жалғастыру мен тағылымдама өту бойынша өз ұсыныстарын бере бастады.

Европаның әлеуметтік қоры «ESF+» бастамасымен іске асырылған «ALMA»-ның (aim, learn, master, achieve — ұмтылу, үйрену, игеру, жету) -

мақсаты – әлеуметтік тұрғыда осал және жағдайы қиын 18-29 жас аралығындағы азаматтарға еңбек нарығына қол жетімділігін қаматасыз ету. Әр түрлі себептерге байланысты жұмысқа тұру мен білім алуда қиналатын NEET жастардың бұл қатарда екені айқын.

«ALMA»-ның аясында жастар 2-6 ай аралығында Еуро одақтың басқа елінде кешенді ұйымдастырушылық және қаржылық қолдаумен қамтылған тағылымдамадан өту мүмкіндігін ұсынады. Яғни, негізі мәні – жас азаматтың өзге елдің озық тәжірибесімен танысу, әрі білім мен біліктілігін ұштаудың негізінде өз елінің еңбек нарығынан қосылуына жағдай туғызу.

Бастаманың жүзеге асу реті келесідей: өзге елге шыққанша дейін өз елінде жеке интенсивті дайындық, 2-6 ай көлемінде Еуро одаққа мүше елде тәлімгердің жетекшілігімен тағылымдамадан өту, елге оралғаннан кейін қатысушының жұмысқа тұруына немесе оқуын жалғастыруға тұрақты қолдау көрсету. Тиісінше, қатысушының барлық шығындары (жол жүру, сақтандыру, тұрғын-үй мен тамақтану шығындары, әлеуметтік қамсыздандыру, консультативтік қолдау) «ESF+» қорының тарапынан толығымен қаржыландырылады [19].

Сонымен бірге, магистрлік оқыту бағдарламасының аясында ұйымдастырылған халықаралық тағылымдама барысында зерделенген Литва елінің NEET жастармен жұмыс істеу тәжірибесін де келтірген орынды. ЭЫЖДҰ-ның есептеулері бойынша Литвадағы NEET жастар үлесінің соңғы көрсеткіші 14,09%-ды құрады [14].

Жалпы, Еуро одаққа елдеріндегі іске асырылып отырған жобалардың арасында Литвадағы ең танымалы «Erasmus+» бағдарламасы. Оның мақсаты жастардың арасында білім алу, мәдени даму бағыттарында тәжірибе алмасуға жағдай жасау. Бұл тұрғыда, мемлекеттік жастар саясаты саласындағы жобаларды жүзеге асыруға арналған қомақты қаражат Еуро Одақтың негізгі қорларынан бөлінетінін атап өткен жөн.

NEET жастармен жұмыс істеуде Литвада атаулы сипатқа жеке назар бөлінген. Мәселен, жастар орталығы ретінде құрылған мекемелердің басты мақсаты – орталыққа жүгінген жастардың жеке мәселелерін анықтау арқылы (жұмыссыздық, психологиялық көмек, білім алу және т.б.), оның дамуына арналған кейсін әзірлеу. Бұдан бөлек, орталықтың тағы да бір бірігей бағыты – көше жастарымен жұмыс істеу, олармен байланыс орнатып, әлеуметтендіруге жағдай жасау.

Қазіргі уақытта Жапония елі үшін халықтың, әсіресе жастардың әлеуметтік оқшаулану мәселесі өзекті. Бұл елде NEET жастармен қатар «хикикомори» деген ұғым бар. Жалпы сипаты бірдей болғанымен, «хики»-лердің әлеуметпен байланысын толық үзу, бар уақытын компьютер алдында өткізу, жақындарына деген қаржылық тәуелдікте болу секілді ерекшеліктері

бар. Сондықтан да, аталған топтармен жұмыс істеудегі ортақ мақсат – осындай жастарды сәтті әлеуметтендіру.

Жапонияның осал жастармен жұмыс барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерінің атаулы сипаты басым. Бұндай жобалардың қатарында «Youth Camp», «Local Support Network System for Children Young People», «Job Education» атап өтуге болады.

Мысалы, «Youth Camp» NEET санатындағы жастарды біріктіру мақсатында ұйымдастырылатын лагерь. Іс-шара барысында жастар өзара өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, өз мүмкіндіктерін және өмірін өзгерту үшін ынта-жігер алады. Лагерь аясында мамандар үшін ұсынылатын бірігей мүмкіндік әрбір қатысушы жастың NEET санатына енуінің себептерін талдау және оңалту жұмыстарын жеке тұлғалық деңгейде жүргізумен байланысты.

Лагерь жыл сайынғы негізде NEET санатындағы жастардың қатысуымен өткізіледі. Оның тиімділігі лагерьге қатысқан жастардың іс-шара біткеннен кейін жұмысқа орналасуынан көруге болады.

«Local Support Network System for Children Young People» жобасының мақсатты аудитория шектелген. Бұл бағдарлама үйде отырған жас азаматтармен мамандардың тікелей, яғни үй жағдайында жұмыс істеуді көздейді. Мамандар жастар мен балаларға өмірде қажетті дағдыларды қалыптастыруға, өздері таңдаған бағыт бойынша мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жағдай жасау бойынша жұмыс істейді. Осы орайда, үйде шаруашылығындағы жастардың негізгі санаты жас әйелдер болатынын ескере отыра, олар үшін арнай әдістемелер жасау практикасы қалыптасқан [16].

Қарастырылған елдердің тәжірибесіне сүйене отыра келесідей қорытындылар жасалды.

Біріншіден, NEET санатындағы жастардың үлесі төмен елдерде білім саласының дамуына және білім берудің барлық сатысында халықты кең қамтуға ерекше назар бөлінеді. Оның ішінде, жастардың кәсіби-техникалық білім алуына, жұмысшы мамандықтарға кәсіби бағдарлануы басым бағыт ретінде айқындалған.

Екіншіден, NEET санатындағы жастарды сәтті әлеуметтендіруге бағытталған шаралардың жұмысқа орналастыру және білім беру бағытындағы қолдаумен шектелмеген, аясы кеңірек. Оның ішінде, тағылымдамадан өту, өмірлік дағдыларды қалыптастыру, бос уақытын ұйымдастыру, консультативтік қолдау секілді және т.б. шаралар кіреді.

Үшіншіден, NEET санатындағы және өзге осал топтағы жастарға арналған білім алу, кәсіп меңгеру, тағылымдамадан өту секілді бағдарламалар бір аймақ немесе елдің төңірегімен шектелмеген. Яғни, олардың сәтті әлеуметтенуі үшін жастардың орныққан, әрі үйренген тұрғылықты жерлерінен басқа қала, елдерге жолдау практикасы қалыптасқан.

Төртіншіден, NEET санатындағы жастарды жұмысқа орналастыру, өмірлік дағдыларды үйретуді көздейтін бағдарламалар атаулы сипатқа ие. Мамандар жас азаматтың өзімен тікелей байланыс орнатып, оның осындай жағдайға келуінің себептері талданып, оңалту бойынша жеке жоспарлары қабылданады.

Бесіншіден, мемлекет NEET санатындағы жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған шараларға жұмыс берушілерді де кеңінен тартады және оларды ынталандыру мақсатында қосымша қаржылық қолдау мен жеңілдіктерді қолданады.

Қазақстандағы NEET жастар үлесі және оны төмендетуге бағытталған бағдарламалық құжаттарды зерделеу

Қазақстанның мемлекеттік жастар саясаты өз дамуының келесі кезеңіне аяқ басты. 2022-2023 жылдар аралығында орын алған жүйелі өзгерістер мен салалық заңнамадағы жаңашылдықтар осы саясатты үйлестіретін құзыретті органдар мен мүдделі тараптардың жұмысында жаңа тәсілдерді қолданудың негізі.

Саладағы басты жаңалық «жастар» ұғымының жас межесін 35 жасқа дейін ұлғайтумен байланысты. Соның нәтижесінде, мемлекеттегі жастардың жалпы саны 2022 жылмен салыстырғанда 49%-ға артып, халықтың 28,9%-ын құрап отыр. Алдағы жылдары жастар халықтың 1/3 бөлігін құрайтынына байланысты болжамдар бар. Өз кезегінде, бұндай болжамдарды негізсіз деуге болмайды, себебі 2008 жылдары елде туу коэффициентінің ең жоғары көрсеткіші тіркелген және 2008-2021 жылдар аралығында ол 22%-дан төмендеген. Сәйкесінше, 2008 жылы дүниеге келген балалар биыл ғана жастар санатына қосылды. Демек, алдағы жылдары халық құрамындағы жастар санатының үлесі тұрақты түрде артады.

Қазақстан секілді жас мемлекет үшін халық санының артуы, оның құрамында экономикалық белсенді, жұмыс күшін толықтыруға әлеуетті жастардың артуы позитивті құбылыс. Бірақ, сәйкесінше ұлттық экономиканың жастардың сәтті әлеуметтенуіне, әл-ауқатты болуына тиісті жағдай жасауға мүмкіндіктері болуы шарт. Оның ішінде, сапалы білім мен медицина, жұмысбастылық, қолжетімді баспана, лайықты жалақы, ұлттық және азық-түлік қауіпсіздігі секілді базалық қажеттіліктері қанағаттандырылуы тиіс. Кері жағдайда, яғни тиімсіз мемлекеттік саясаттың нәтижесінде әлеуметтік жағдайы осал топтардың үлесінің артуы жастарды жасампаздық емес қоғамдық-саяси тұрақсыздықтың жойқын күшіне айландыруы мүмкін.

Осы тұста американдық әлеуметтанушы Джек Глодстоунның құрылымдық-демографиялық теориясында қолданылған «youth bulge» деген ұғымына сүйенуге болады. Ғалымның пайымдауынша демографиялық өсіммен мемлекеттерде орына алған төңкерістер мен халық наразылығының күшеюінде байланыс бар. Әсіресе, осындай тәуелділік халық құрамында 15-29 жас аралығындағы жас азаматтардың күрт артқан кезеңдерінде байқалады. Қазіргі зерттеушілердің көзқарасы бойынша «Араб көктемі» деп аталатын оқиғалардың орын алуы осы құбылыспен байланысты [20].


Олай болса, жаңа кезеңдегі мемлекеттік жастар саясатының басым бағыттарының бірі жастардың әл-ауқатының тиісті деңгейін қаматасыз ету және әлеуметтік тұрғыдағы осал топтардың үлесінің артуына жол бермеу болуы тиіс.

Жастардың арасындағы қоғамға, экономикалық ортаға, еңбек нарығына қосылу тұрғысынан кедергілерді еңсеруді қиындық көретін әлеуметтік санаттардың бірі – NEET жастар.

Салалық заңнамада болған соңғы өзгерістерге сәйкес аталған санттағы жастар отандық заңнамада «уақытша бос жүрген жастар» деп анықталды. ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңның 1-бабының 10-тармағына сәйкес «уақытша бос жүрген жастар» – жастардың уақытша жұмыс істемейтін, білім беру ұйымдарында білім алмайтын немесе кәсіптік даярлықтан, қайта даярлаудан өтпейтін, жұмыспен қамту және білім беру саласынан тыс бөлігі. Яғни, әлемдік тәжірибеде NEET жастар деп қабылданған санат [11].

Қазақстанда NEET жастар үлесі бойынша зерттеулер жүргізетін құзырлы мемлекеттік орган – ҚР СЖЖРА-ның ҰСБ. Осы бағыттағы жұмысты жүзеге асыру үшін ҚР СЖЖРА-ның ҰСБ ХЕҰ-ы әзірлеген және ұсынған стандарттарды басшылыққа алады.


ҚР СЖЖРА-ның ҰСБ мәліметтеріне сәйкес соңғы жылдары елдегі NEET жастар үлесі 2015 жылдан бастап тұрақты түрде төмендеуде. 1-суретте көрсетілгендей республика көлемінде аталған көрсеткіш 2015-2022 жылдар аралығында 3%-ға төмендеген [1].



1-сурет – 2010-2022 жылдар аралығындағы ҚР-дағы NEET жастар үлесі

Ескертпе – Автормен [1] дереккөз негізінде жасалған

Сонымен бірге, NEET жастар үлесінің облыс деңгейінде көрсеткіштерінде айырмашылық бар екенін атап өту қажет. 2022 жылдың қорытындыларына сәйкес 2-суретте көрсетілгендей NEET жастар үлесінің ең төменгі көрсеткіштері Батыс-Қазақстан (2,8%), Абай (4,7%), Қостанай (4,8%), Павлодар (4,8%) облыстарында тіркелген. Керісінше, ең жоғары үлестер Ұлытау (11,8%), Қарағанды (8,6%), Қызылорда (7,8%), Маңғыстау (7,7%) облыстарына тиесілі.



2-сурет – 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚР-дың облыстарындағы NEET жастар үлесі

Ескертпе – Автормен [1] дереккөз негізінде жасалған

Жоғарыдағы ақпаратқа сүйене отыра NEET жастар үлесін төмендету міндеті аймақтық тұрғыдағы өзекті мәселе екені айқын. Әсіресе, орталықта орналасқан өңірлер – Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы жағдай

ерекше алаңдатушылықты туғызады. Бұл ретте, Қарағанды облысындағы NEET жастар үлесінің деңгейі 2017-2021 жылдар аралығындағы елдегі ең жоғары көрсеткіш болып табылады.

Мемлекеттік басқару жүйесінде NEET санатындағы жастарды сәтті әлеуметтендіру міндеті әлеуметтік және ішкі саясат салаларындағы орталық және жергілікті атқарушы органдардың күзіретіне кіреді.

Орталық деңгейдегі негізгі үйлестіруші орган – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі. Министрлік құрылымындағы нақты жастар саясатына жауапты ведомство – Жастар және отбасы саясаты жөніндегі комитет. Бұдан бөлек, жалпы жастармен әртүрлі мазмұнда жұмыс істеуге жауапты 10 салалық министрлік анықталған.

Жергілікті деңгейде NEET санатындағы жастардың төмендеуіне жауапты негізгі мемлекеттік мекемелер – облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарамалар немесе қоғамдық даму басқармалары. Яғни, кейбір өңірлерде мемлекеттік аппаратты оңтайландыру мақсатында жүргізілген жұмыстың нәтижесінде ішкі саясат, ақпарат, дін, жастар мәселелері бір басқармаға біріктірілді.

Өңірлік деңгейде жастарды мемлекеттік қолдау, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында жергілікті атқарушы органдардың жанынан 2013 жылдан бастап жастар ресурстық орталықтарын құру қолға алынды. Жастар ресурстық орталықтар облыстық, қалалық және аудандық деңгейлердегі ішкі саясат саласына жауапты бөлімдер мен басқармалардың жанынан құрылды. Бүгінде қызмет ететін жастар ресурстық орталықтарының жалпы саны 228 мекемені құрайды [21].

Орталық және өңірлік деңгейде жүзеге асырылып отырған жастар саясатына ақпараттық-әдістемелік, үйлестіру тұрғысынан қолдау көрсету және басымды бағыт-бағдарлар анықтау үшін жастар ісі жөніндегі кеңестердің жұмысы ұйымдастырылған. Аталған кеңестер облыс, қала және аудан деңгейіндегі әкімдер жанынан құрылып, олардың құрамына мемлекеттік орган басшылары, мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйым мен жеке сектордың өкілдері енгізілген.

Бұдан бөлек, елдегі мемлекеттік жастар саясатын әдістемелік қолдау мен ғылыми негізін қалыптастыру мақсатында 2013 жылы «Жастар» ғылыми зерттеу орталығы құрылды. Бүгінде аталған орталық отандық мемлекеттік жастар саясаты саласындағы кешенді зерттеулермен айналысады және жыл сайынғы негізде «Қазақстан жастары» ұлттық баяндамасын әзірлейді. Осы ұлттық баяндамаларда NEET санатындағы жастардың жағдайына баға беріліп, оларды оңалту бойынша атқарылып отырған жұмыс бойынша талдамалық мәліметтер келтіріледі.

Мемлекеттік басқару институттарымен NEET санатындағы жастардың әлеуметтенуіне бағытталған шараларға азаматтық сектор, яғни үкіметтік емес

ұйымдар да белсенді түрде қатысады. Үкіметтік емес ұйымдарға бұл бағытта әртүрлі іс-шаралар мен жобаларды жүзеге асыруға мемлекет тарапынан қаржылық қолдау мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік емес гранттық қаржыландыру механизмдері арқылы көрсетіледі.

Жоғарыда аталғанның негізінде NEET санатындағы жастармен жұмысты жүргізу үшін Қазақстанда тиісті институционалдық құрылымдар қалыптасып, қызмет етуде. Дегенімен де, әлемде орын алған әлеуметтік-экономикалық сипаттағы өзгерістер, отандық заңнамадағы жаңашылдықтар іске асырылып отырған жұмыстың мазмұны мен әдіс-тәсілдерін жаңартуды талап етеді.

Осы орайда магистрлік жобаның тақырыбына сәйкес қарастырылып отырған NEET санатындағы жастарға қатысты ұстанымдар мен іске асырылып отырған жұмысты жетілдіруге, толықтыруға байланысты ұсыныстарды дайындау салалық бағдарламалық құжаттарды зерделеуден басталуы тиіс.

Соңғы бес жылдың ішінде мемлекеттік жастар саясаты саласындағы жұмысты үйлестіруді, оның ішінде NEET жастарды әлеуметтендіру аясында жүзеге асырылатын іс-шараларды анықтайтын республикалық деңгейдегі бағдарламалық құжаттардың тізбесі 3-кестеде келтірілген. Құжаттардың қабылдану мерзімін салыстыра отыра, соңғы жылдары қолданысқа енгізілген бағдарламаларды іске асыру кезеңі ұлғайтылғаны байқалады.

Кесте 3 – 2018-2023 жылдар аралығында NEET жастардың үлесін төмендету шараларын қамтитын бағдарламалық, тұжырымдамалық құжаттар

Құжат атауы	Бекітілген күні	Мәртебесі
18-29 жас аралығындағы NEET жастарды, оның ішінде 2018 жылғы түлектерді жұмыспен қамту және әлеуметтендіру бойынша жол картасы	2018 жылғы 21 қыркүйек	Өзекті емес
Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспар	2020 жылғы 29 желтоқсан	Өзекті емес
«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы	2021 жылғы 21 қазан	Өзекті
Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы	2023 жылғы 28 наурыз	Өзекті
Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023	2023 жылғы 31 қаңтар	Өзекті

– 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы		
Ескертпе – Автормен [22] дереккөз негізінде жасалған		

NEET жастармен атаулы жұмысты ұйымдастыру мәселесі бірқатар жылдар бойы талқыланып келе жатқан тақырып. Дегенімен де, осы мәселе 2018 жылы салалық министрлік тарапынан ерекше назарға алынды. Бұл тұрғыда, ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 21 қыркүйектегі №583 қаулысымен бекітілген 18-29 жас аралығындағы NEET жастарды, оның ішінде 2018 жылғы түлектерді жұмыспен қамту және әлеуметтендіру бойынша жол картасының (бұдан әрі – Жол карта) қабылданғанын атап өтуге болады.

Жол картасында NEET санатындағы жастар ортасындағы жағдайды зерттеу, олардың бос уақытын спорт арқылы ұйымдастыру, психологиялық және консультативтік көмек көрсету, мемлекеттік қолдау шаралары туралы кеңінен ақпараттандыру бойынша тармақтар қамтылды.

Сонымен бірге, Жол картасының 19 тармағында NEET жастардың деректер базасын құру міндеті жалпы аталып өтсе, 25 тармағында қосымша «Еңбек нарығы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін NEET санатындағы жастарды есепке алуда қолдану бойынша нақты тапсырма жүктелген болатын. Бұл ретте, деректер базасын құру немесе NEET санатындағы жастардың есебін ұйымдастыру мәселелері республика деңгейінде бүгінгі күнге дейін лайықты шешімін таппағанын атап өткен маңызды [23].

ҚР СЖЖРА ҰБС-ның мәліметтеріне сәйкес NEET санатындағы жастардың үлесі 2016 жылдан бастап кезе-кезеңмен төмендеп келе жатқанын атап өту қажет. Бұған қарамастан, NEET санатындағы жастардың проблематикасы күн тәртібіне жүйелі түрде шығып, кейін де қабылданған құжаттардың мазмұнына көрініс тапты.

ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №918 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді. Негізгі 10 бағыттан құралған құжаттың негізгі мақсаты – мемлекеттік жастар саясаты саласын ілгерілету және жұмысты жүйелендіру.

Нақты NEET жастарға қатысты іс-шаралардың негізгі тізбесі «Жастарды жұмысқа орналастыру және кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін жағдай жасау» атты 3-нші бағытында шоғырланған. Оның ішінде, NEET санатындағы жастарды іске асырылу барысындағы жұмыспен қамту жобаларының аясында жұмысқа орналастыру, оларды әлеуметтендіру, «Zhas Project» жобасын іске асыру секілді қолдау шаралар көзделген. Осы орайда, бұл құжатта NEET жастармен атаулы жұмысты күшейтуге бағытталған жаңа құралдар мен тәсілдер қамтылмады [24].

NEET санатындағы жастармен жұмысты қамтитын стратегиялық бағыттағы кезекті құжат – ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №724 қаулысы қабылданған «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы (бұдан әрі – Ұлттық жоба). Ұлттық жобаның мақсаты мемлекеттің ішкі саясат, білім, мәдениет және жастарды қолдау салаларын дамытуды көздейтін шаралар кешенін қамтиды.


Мәселен, жас азаматтарды жан-жақты қолдау бағытында жүзеге асырылатын іс-шаралардан күтілетін нәтижелердің бірі NEET санатындағы жастардың әлеуметтенуі – NEET санатындағы жастардың төмендеуі деп анықталған.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін ұлттық жобаның «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты 3-нші бағытында:

- жастарды тұрғын үй жинақтау жүйесімен қамту;
- жастарға көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің санын арттыру;
- жастарды кәсіпкерліктегі жобаларын қолдау;
- еріктілік пен экологиялық шараларға тарту;

- 14-18 жас аралығындағы жастарды спортпен қамту секілді көрсеткіштер бойынша 2021-2025 жылдар аралығына әлеуметтік әсерді сипаттайтын межелі индикаторлар бекітілген [25].

Осындай іс-шаралар кешенінің іске асырылуы 2025 жылдың қорытындысы бойынша бірқатар әлеуметтік көрсеткіштердің жақсаруын қамтамасыз етуі тиіс. Оның ішінде, қарастырылып отырған тақырып аясындағы NEET санатындағы жастардың үлесі 3-суретте көрсетілгендей 6,8%-дан 5%-ға дейін төмендеуі күтіледі.



3-сурет – Ұлттық жобаға сәйкес NEET жастардың үлесінің 2021-2025 жылдар аралығындағы болжамды нысаналы индикаторлары

Ескертпе – Автормен [1] дереккөз негізінде жасалған

2021-2022 жылдар аралығында ұлттық жобада бекітілген және нақты осы жылдарда орын алған NEET жастар үлесінің қорытындылары салыстырылды. ҚР СЖЖРА ҰСБ-ның мәліметіне сәйкес 2021 жылы NEET жастар үлесі – 6,9%-ды, ал 2022 жылы – 6,5%-ды құрады. Демек, алғашқы жылы көрсеткіш 0,1%-ға орындалмаса (6,8%), керісінше 2022 жылы жоспарлы көрсеткіштен 0,1%-ға артық орындалды (6,4%).

Сонымен бірге, жекелеген аймақтар бойынша аталған көрсеткішті республиканың орташа деңгеймен салыстырғанда, бірнеше есе төмен немесе біршама артық екенін байқауға болады. Мысалы, Батыс-Қазақстан облысында NEET жастар үлесі 2021 жылы – 3,1%, 2022 жылы – 2,8%-ды құрады. Бірқатар жылдар бойы NEET жастар үлесінің жоғары деңгейін көрсетіп жүрген орталықтағы өңірлер Қарағанды облысында бұл көрсеткіш 2021 жылы – 9,9%, жаңа құрылған Ұлытау облысында – 11,8%-дың деңгейінде.

Соңғы жылдары жүзеге асқан заңнамалық жаңашылдықтарға сәйкес мемлекеттік жастар саясаты саласындағы NEET жастармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі бағыттарын анықтайтын құжат – «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (бұдан әрі – Тұжырымдама) қабылданды. Сәйкесінше, жоғарыда аталған кешенді жоспардың аясында анықталған міндеттер бойынша жұмыс Тұжырымдамада жалғасын тапты. Тұжырымдаманың негізгі мақсаттарының бірі еліміздегі NEET санатындағы жастардың үлесін төмендетумен байланысты.

Қарастырылып отырған Тұжырымдама мемлекет басшысының 2022 жылғы шілдесінде берілген тапсырмасына сәйкес әзірленіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №247 қаулысымен бекітілді.

Жалпы, Тұжырымдаманың мазмұнындағы ағымдағы жағдайды талдау бөлімінде еліміздегі жастар жұмыссыздығы және NEET жастар мәселелеріне баса назар аударылады. Жастар жұмыссыздығын өзекті мәселе ретінде айқындай келе, 2019 – 2021 жылдар аралығында жастар жұмыссыздығының деңгейі 0,1%-ға, яғни 2019 жылғы 3,7%-дан 2021 жылы 3,8%-ға дейін өскені келтіріледі. Көрсетілген жылдар кезеңінде NEET жастарының үлесі 0,5%-ға аздап төмендегені аталып өтіліп (2019 ж. – 7,4 %, 2020 ж. – 7,1 %; 2021 ж. – 6,9%), бұл нәтиже Тұжырымдама аясында жасалған SWOT талдаудың қортындысы бойынша «күшті тарап» ретінде айқындалады.


Бұдан бөлек, аталған бөлім аясында қала және аудан деңгейлерінде қызмет ететін жастар ресурстық орталықтарының жұмысы талданып,

олардың негізгі міндеттерінің бірі жастармен, әсіресе NEET жастар сияқты осал топтармен атаулы жұмыс жүргізу екендігіне назар аударылады.

Тұжырымдаманың мазмұнындағы ерекше шарт – NEET жастардың үлесін төмендетуге бағытталған іс-шаралардың негізгі мақсатты аудиториясының жас ерекшелігі 15 пен 28 аралығында шектеулі. Яғни, бұл – тұжырымдамадағы NEET жастарға қатысты мақсатты индикаторлар мен күтілетін нәтижелер дәл осы жас аралығына байланысты айқындалады деген сөз. Бұндай ұстанымдағы құрастырушылардың басты негіздемесі – халықаралық тәжірибеде NEET жастардың 15-28 жас аралығындағы кіші топ ретінде анықталуы [26].

Тұжырымдамада бекітілген нысаналы индикаторларға сәйкес, 4-суретте көрсетілгендей 2023 жылдан бастап 2029 жылға дейін еліміздегі NEET жастардың үлесі кемінде 3,2%-ға төмендеуі тиіс. Өз кезегінде ҚР СЖЖРА ҰСБ-ның 2022 жылдың қорытындысы бойынша жариялаған мәліметіне сәйкес NEET жастардың үлесі – 6,7%-ды құрады [1].

Жоғарыда аталған нысаналы индикатор Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 2-нші «Әлеуетті іске асыру және кәсіпкерлік» бағытына тиесілі. Осы бағыттың 13-16 тармақтарында «Zhas project», «Жасыл ел» жобаларын жүзеге асыру, болашақ түлектерді кәсіби бағдарлау, NEET жастардың әл-ауқатына жүйелі мониторингін ұйымдастыру секілді шаралар қамтылған.



4-сурет – Тұжырымдамаға сәйкес NEET жастардың үлесінің болжамды нысаналы индикаторлары

Ескертпе – Автормен [26] дереккөз негізінде жасалған

Бұдан бөлек, іс-қимыл жоспарының 7-нші «Жастар және ауыл» бағытының 74 тармағына сәйкес NEET санатындағы жастарды, оның ішінде ауылдық жерлерден жастарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша жобаның жүзеге асырылуы жоспарланған.

Осы орайда, бір уақыт кезеңдерін қамтитын бағдарламалық құжаттардың нысаналы индикаторларында сәйкессіздіктің орын алғанын байқауға болады. Яғни, 2021-2025 жылдар аралығына қабылданған Ұлттық жоба мен 2023-2029 жылдарға жүзеге асуы жоспарланған Тұжырымдаманың NEET жастардың үлесін төмендету бағытында бекітілген сандық межелері әртүрлі екенін 4-кестеде келтірілген.

Кесте 4 – Бағдарламалық құжаттардағы NEET жастардың үлесін төмендету бойынша анықталған нысаналы индикаторлардың сәйкессіздігі

NEET жастардың үлесі	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
«Ұлттық рухани жаңғыру» жобасы	6%	6%	5%
ҚР жастарын қолдау жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспар	6,7%	6,2%	5,6%
Айырмашылық	<0,7%	<0,2%	<0,6%
Ескертпе – Автормен [25], [26] дереккөздер негізінде жасалған			

Қазақстандағы NEET жастардың үлесінің жылдан-жылға төмендеп келе жатқан трендінің негізінде (2018-2022 жылдар аралығында «-1,4%») Тұжырымдаманың нысаналы индикаторлары салыстырмалы түрде төмен болуы орынды болар еді. Бірақ, бұл жағдайда керісінше олардың деңгейі жоғарлатып көрсетілген.

Келтірілген сандардың артуымен келіскеннің өзінде де, соңғы бес жылдағы NEET жастардың үлесінің төмендеуінің орташа деңгейі 0,3%-ды құрайтынын ескерсек, белгіленген нысаналы индикаторларды әділеттілігін мойындау қиын.

Жалпы NEET санатындағы жастарды тегін ТЖКБ-мен қамту міндеті бірқатар бағдарламалық құжаттарда көрініс тапқанына атап өткен жөн. Мысалы, ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген ҚР-да мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім» жобасының әлеуметтік-экономикалық әсері бірі ретінде NEET жастардың санын азайту анықталған.

Аталған жоба аясында 300 мыңнан астам жасқа алғашқы жұмыс мамандығын тегін алу мүмкіндігі қарастырылған.

Жалпы келтірілген тұжырымдаманың аясында шешімін талап етуді қажет ететін проблемалық мәселе ретінде NEET жастардың техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарымен төмен қамтылуы келтіріледі. Тұжырымдаманың мазмұнына сәйкес 2020-2022 жылдар аралығында NEET санатындағы жастардың қатарынан оқумен қамтылғандардың сандық мәліметтері келтірілген. Яғни, 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша NEET санатындағы 247 мыңға жуық адам, 2020 жылы 267,3 мың адам, 2021 жыл 258,1 мың адам оқумен қамтылмаған деген мәлімет келтірілген [27].

Орта мерзімді сипаттағы салалық құжаттармен қатар NEET жастар проблематикасы мемлекеттік басқару саласындағы қысқа мерзімді жоспарлар мен әдістемелерде қолданылады.

NEET жастармен атаулы жұмысты ұйымдастыруды көздеген қысқа мерзімді нормативтік-құқықтық акт – ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі №241 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасы» (бұдан әрі – Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасы).

Осы құжаттың «Адами капиталды дамыту» деп аталатын 3-нші тарауында NEET санатындағы жастармен атқарылатын жұмыстар оның ішінде, NEET санатындағы жастарды тегін ТЖКБ-мен қамту, жастармен жұмыс жөніндегі бөлімдер мен өңірлік есепке алу базасы құру, нәтижелі жұмыспен қамтуға тарту бойынша атаулы жұмыс жүргізілетіні аталып өтілген.

Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасындағы нақты NEET санаты және жастардың өзге осал топтарын қолдауға бағытталған шаралардың қатарында «Zhas project» (1 000 грант), «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны» жобалары (еңбекақы мен қатысу ұзақтығын ұлғайту) мен іскерлік бастамаларды іске асыру үшін гранттар (400АЕК-ке дейін арттыру) аталып өтіледі, әрі оларды жетілдіру бойынша ақпарат келтіріледі.

Магистрлік жоба NEET санатындағы жастармен атаулы жұмысты ұйымдастыру мәселелеріне арналғандықтан Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жоспарының 151 тармағын жеке қарастырған жөн. Мәселен, осы тармақта мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің әлеуетін пайдалана отырып, NEET жастармен атаулы жұмысты ұйымдастыру жөніндегі жаңа тәсілдерді енгізу міндеті анықталған. Атқарылуы жоспарланған жұмыстың аяқталу нысаны – NEET жастардың дербестендірілген деректер базасын қалыптастыру. Бұл ретте, 2022 жылдың қорытындысы бойынша аталған тапсырма орындалмағанын, және де деректер базасын құру мәселесі әлі де күн тәртібінде тұрғанын атап өткен м[28]аңызды.

Бұдан бөлек, NEET санатындағы жастардың үлесі орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың жұмысын бағалау жүйесінде қолданылады.

ҚР Президентінің Әкімшілігі Басшысының 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №22-01-38.24 «Жалпы елдегі прогресс индексі көрсеткіштерінің тізбесін және бағаланатын мемлекеттік органдар нәтижелілігі түйінді көрсеткіштерінің тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес NEET жастардың үлесі бағаланатын мемлекеттік органдар нәтижелілігі түйінді көрсеткіштерінің қатарына енгізілген.

Атап айтқанда, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің түйінді көрсеткіштері ретінде 15-28 жас аралығындағы жастардың жалпы санындағы NEET үлесі қолданылады. Сонымен бірге, мемлекеттік органның көрсеткішке қол жеткізуге әсер ету коэффициенті тұрғысынан NEET жастар үлесі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі үшін 1-ді құраса, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі 0,5 деңгейінде бекітілген.

Дәл осы көрсеткіш жергілікті атқарушы органдардың, яғни өңірлік әкімдіктердің жұмысын бағалау үшін де қолданылатынын атап өту қажет, көрсеткішке қол жеткізуге әсер ету коэффициенті – 1 [29].

2018 – 2023 жылдар аралығында қабылданған бағдарламалық және тұжырымдамалық құжаттарды зерделеудің нәтижесінде келесідей қорытындылар жасалды.

Біріншіден, NEET жастармен жұмыс істеу және олардың үлесін төмендету мәселесі бағдарламалық және тұжырымдамалық құжаттарда жүйелі түрде қарастырылған.

Екіншіден, NEET жастармен жұмыс істеу және олардың үлесін төмендетуді көздейтін бағдарламалық және тұжырымдамалық құжаттарда сабақтастық пен бірізділіктің деңгейі қанағаттанарлықсыз.

Үшіншіден, NEET жастармен жұмыс істеу және олардың үлесін төмендету мәселесіне арналған бағдарламалық және тұжырымдамалық құжаттарда анықталған міндеттерге қолжеткізуді бақылау мен бағалау жүйесі жетілдіруді қажет етеді.

Төртіншіден, NEET жастардың үлесін төмендету бағытында атаулы сипаттағы шаралар, атап айтқанда олардың деректер базасын құру, есебін ұйымдастыру секілді бағыттар бойынша тиімділігі практикалық тұрғыда дәлелденген әдіс-тәсілдер жоқ.

Бесіншіден, NEET жастардың үлесін төмендетуде мемлекет тарапынан жылдан-жылға қолданылып келе жатқан құралдардың қатары кең емес, өңірлік деңгейде бірігей тәжірибе аз қолданылады.

NEET жастар үлесінің мемлекеттік басқару тұрғысынан өзектілігін бағамдау үшін оның қолданыстағы бағдарламалық және тұжырымдамалық

құжаттардағы орнын анықтау маңызды. Демек, жоғарыда жасалған контент-анализдің негізінде бұл мәселенің мемлекеттік жастар саясаты саласындағы басым бағыттардың бірі ретінде қалыптасқанын атап өтуге толық негіз бар.

NEET жастармен атаулы жұмыстың деңгейіне арналған сауалнама мен сарапшылармен өткізілген сұхбат қорытындылары

Магистрлік жоба аясында жүргізілген зерттеу жұмыстарында екі негізгі әдіс қолданылды – сауалнама және сарапшылармен сұхбат жүргізу. Бұл әдістерді қолданудың себебі жобаның зерттеу объектісі болып табылатын атаулы жұмысты тұтынушылар, яғни NEET санатындағы жастардың ұстанымдарын зерделеу және аталған бағыттағы жұмысты үйлестіруге, ұйымдастыруға, әрі бағалауға тікелей қатысатын тараптардың ой-пікірлерімен танысу, оларға сараптама жасау.

NEET санатындағы жастардың арасында жүргізілген сауалнама барысында 1-қосымшада келтірілген сұрақтар қойылды. Өз кезегінде бұл сұрақтарды келесідей тақырыптық блоктарға бөліп қарастыруға болады:

- 1) жастардың арасындағы әлеуметтік проблемалардың басымдылығы?
- 2) мемлекеттік қолдау шаралары бойынша ақпараттану деңгейі?
- 3) жастардың мемлекеттік ұйымдарға деген қатынасы?
- 4) жастардың жұмыспен қамту бағдарламаларына қатысу белсенділігі?
- 5) жастардың мемлекеттік қолдау шараларына беретін бағасы?

Сауалнамаға 18 бен 34 жас аралығындағы Қарағанды облысында өмір сүретін NEET санатында болуы ықтимал жастар қатысты. Аталып отырған ықтималдыққа сүйенудің толық дәлелді негіздемесі бар. Себебі, елімізде NEET санатындағы жастардың нақты ресми тізімі қалыптаспаған.

Жалпы, әлемде қабылданған тәжірибе бойынша, осы көрсеткішті анықтау құзыреті жүктелген статистика органдарына жастардың тізімін қалыптастыруда ешқандай қажеттілік жоқ. Яғни, аталған органдардың функциясы шектелген. Олар халықаралық тәжірибеде қабылданған есептеу әдістеріне сүйене отыра, жақын болашақтағы жұмыссыздық деңгейін бағамдау үшін NEET санатындағы жастардың үлесін анықтайды. Сондықтан да, ресми статистикалық мәліметтерде келтірілетін сандарды абсолютті мәнге аударып, жастардың нақты санын анықтау және оған сүйену қателік.

Осыған орай, сауалнаманы жүргізуге қажетті аудиторияны анықтау барысында мемлекеттік ақпараттық жүйелердің мәліметтеріне сүйену лайықты баламалы жол ретінде таңдалды.

NEET санатында болуы ықтимал жастардың тізімі ретінде Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының «Отбасының цифрлық картасы» атты жобасы аясында қалыптастырылған мәліметтер қолданылды.

Бұл мәліметтерге сәйкес, Қарағанды облысында 18 бен 34 жас аралығында NEET санатында болуы ықтимал 18 750 жас анықталды. Ақпараттық жүйенің мүмкіндігімен жасақталған жастардың тізімін құру барысында қолданылған негізгі критерийі – таңдалған тұлғалардың мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтерге сәйкес ешқандай әлеуметтік аударымдарының болмауы, әрі оқушы немесе студент ретінде мәртебесінің расталмағандығы.

Демек, қалыптастырылған тізімдегі жастардың NEET санатында болуы ықтималдығы өте жоғары. Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында, яғни осы жобаның шеңберінде олар шартты түрде NEET жастар деп есептелінді.

Осы мәліметтерге сүйене отыра жоғарыда аталған жастардың жынысы, тұрғылықты жері (қала немесе ауыл) және жеке жас топтары бойынша сандық бөлінісі 5-кестеде келтірілген.

Кесте 5 – Қарағанды облысында NEET санатында болуы ықтимал жастардың бөлінісі

Жынысы		Тұрғылықты жері		Жас тобы		
ер	әйел	қала	ауыл	18-24 жас	25-29 жас	30-34 жас
8 062	10 688	15 188	3 562	9 361	5 694	3 695
42,9%	57%	81%	18,9%	49,9%	30,3%	19,7%

Ескертпе – Автормен [1] дереккөз негізінде жасалған

Сауалнаманы өткізуге қойылатын жалпы қабылданған талаптарға сәйкес таңдалған аудиторияның кемінде 1%-ын қамту міндеті болатыны белгілі. Олай болса, қарастырылып отырған жағдайда, қамтылатын жастардың саны кемінде 188 адам болуы тиіс еді, әрі олардың №1 кестеде келтірілген жыныстық, географиялық және жас топтары секілді ерекшеліктері бойынша іріктеудегі үлестері сақталуы қажет.

Сонымен қатар, сауалнама облыс көлемінде жүргізілгендіктен қатысушылардың сапалық құрамында әрбір қала және аудандағы жастардың тиісті үлесі сақталуы шарт. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес 2022 жылдың III тоқсанында Қарағанды облысында 14 пен 34 жас аралығында 325 201 адам тұрған. Олардың қалалар мен аудандар арасындағы сандық бөлінісі 6-кестеде келтірілген.

Кесте 6 – Қарағанды облысының қалалар мен аудандардағы жастардың саны

№	Қала/аудан	Жастардың саны	Үлесі, %
1	2	3	4
1.	Қарағанды қаласы	1446 38	44,5
2.	Балқаш қаласы	22 245	6,8
3.	Приозерск қаласы	3 430	1,1

4.	Саран қаласы	15 182	4,7
5.	Теміртау қаласы	50 618	15,6
6.	Шахтинск қаласы	15 314	4,7
7.	Абай ауданы	16 541	5,1
8.	Ақтоғай ауданы	4 839	1,5

6-кесте жалғасы

1	2	3	4
9.	Бұқар-Жырау ауданы	16 090	4,9
10.	Қарқаралы ауданы	10 077	3,1
11.	Нұра ауданы	6 236	1,9
12.	Осакаров ауданы	8 524	2,6
13.	Шет ауданы	11 467	3,5
Жалпы саны		325 201	100

Ескертпе – Автормен [1] дереккөз негізінде жасалған

Нәтижесінде, респонденттерді іріктеу бойынша жоғарыда аталған талаптар мен критерийлерге сай сауалнаманы өткізуге қажетті аудиторияның 7-кестеде келтірілген сандық және сапалық құрам анықталды. Қалалар мен аудандар арасындағы пайыздық бөліністі ескерудің нәтижесінде сауалнама қатысушылардың жалпы саны 194 қатысушы болып қалыптасты.

Жалпы сауалнаманы өткізу өңірі ретінде Қарағанды облысының таңдалуының нақты себебі бар. Қарағанды облысы 2017 жылдан бері NEET жастардың үлесі бойынша еліміздегі ең нашар көрсеткішке ие өңір ретінде танылып келді. Ұлытау облысы жеке әкімшілік аумақ болып қалыптасқаннан кейін, 2022 жылдың қорытындыларына сәйкес Қарағанды облысы (6,5%) аталған көрсеткіш бойынша 20 өңірдің ішінде 2-нші орынға жылжып, ең нашар деген «мәртебені» Ұлытау облысына (11,8%) тапсырды.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы жоғары әлеуетін ескере отыра, NEET жастардың үлесін одан әрі төмендету жолдарын іздеу мәселесі облыс үшін өзекті екені сөзсіз.

Кесте 7 – NEET санатындағы жастардың арасында өткізілетін сауалнама барсында қамтылатындардың сандық және сапалық құрамы

Қала/аудан	18-24 жас		25-29 жас		30-34 жас		Жалпы саны
	ер	әйел	ер.	әйел	ер	әйел	
Қарағанды қаласы	19	25	11	15	8	10	88
Балқаш қаласы	3	4	2	2	1	1	13
Приозерск қаласы	1	1	0	1	0	0	3
Саран қаласы	2	3	1	2	1	1	10
Теміртау қаласы	7	9	4	5	3	4	32
Шахтинск қаласы	2	3	1	2	1	1	10
Абай ауданы	2	2	1	1	1	1	8
Ақтоғай ауданы	1	1	0	0	0	0	2

Бұқар-Жырау ауданы	2	2	1	1	1	1	8
Қарқаралы ауданы	1	1	1	1	0	1	5
Нұра ауданы	1	1	0	1	0	0	3
Осакаров ауданы	1	1	1	1	0	1	5
Шет ауданы	1	2	1	1	1	1	7

7-кесте жалғасы

Жалпы саны	194
Ескертпе – Автормен [1] дереккөз негізінде жасалған	

Сауалнама өткізу үшін 15 сұрақтан құралған қазақ және орыс тілдеріндегі арнайы сұрақ-жауап нысаны әзірленді. Сауалнама нысаны келесідей негізгі тақырыптық бөлімдерден құралған: қатысушының жалпы мәліметтері, NEET жастардың мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар бойынша ақпараттану деңгейі, мемлекеттік ұйымдар мен NEET жастардың өзара қарым-қатынасы, NEET жастардың мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға қатысудағы белсенділігі, NEET жастардың мемлекетке және мемлекеттік ұйымдарға деген сенімі мен жұмыстарына беретін бағасы.

Қатысушылардың ауқымды географиясын және жеке байланыс орнатудағы қиыншылықтарды ескере отыра сауалнаманы қашықтықтан, анонимді түрде «Google Forms» платформасының мүмкіндіктерін қолдана отыра өткізу бойынша шешім қабылданды.

Қатысушыларға аталмыш сұрақ-жауап нысанын жеткізуде Қарағанды облысының қалалары мен аудандарында орналасқан жастар ресурстық орталықтарының ұйымдастырушылық және кадрлық әлеуеті қолданылды. Осындай тұрғыдағы қолдауға жүгінудің басты себебі – жоғарыда аталған «Отбасының цифрлық картасы» атты жобасының аясында қалыптастырылған мәліметтер базасы бойынша NEET жастармен атаулы жұмысты ұйымдастыру міндеті, оның ішінде байланыс орнату, мәртебесін анықтау, әлеуметтік қызмет көрсету функциялары осы жастар орталықтарына жүктелген.

Салунама өткізу бойынша жұмыстың сапалы болу мақсатында жастар орталықтарының басшылары және қызметкерлерінің қатысуымен ұйымдастырушылық мәселелерге арналған жиын өткізілді.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде сауалнамаға мәліметтер базасына енгізілген 217 адам қамтылды. Қатысқандардың сандық және сапалық құрамы 8-кестеде келтірілген. Яғни, қатысушыларды іріктеу талаптары мен критерийлері толығымен сақталған. Жалпы жоспарланған қамтыу көрсеткіші 111,8%-ға орындалды, әрі мақсатты аудиторияның 1,16%-ы қамтылды.

Кесте 8 – NEET санатындағы жастардың арасында өткізілетін сауалнама барсында қамтылғандардың сандық және сапалық құрамы

Қала/аудан	18-24 жас		25-29 жас		30-34 жас		Жалпы саны
	ер	әйел	ер.	әйел	ер	әйел	

1	2	3	4	5	6	7	8
Қарағанды қаласы	19	25	12	16	9	12	93
Балқаш қаласы	4	4	2	2	1	2	15
Приозерск қаласы	1	1	0	2	1	0	5
Саран қаласы	2	3	1	2	1	1	10
8-кесте жалғасы							
1	2	3	4	5	6	7	8
Теміртау қаласы	7	9	4	5	4	4	33
Шахтинск қаласы	3	3	1	2	1	1	11
Абай ауданы	2	2	1	1	2	1	9
Ақтоғай ауданы	1	1	1	1	0	0	4
Бұқар-Жырау ауданы	2	2	1	1	1	1	8
Қарқаралы ауданы	1	1	1	1	1	2	7
Нұра ауданы	2	1	0	3	1	2	9
Осакаров ауданы	1	1	1	1	0	1	5
Шет ауданы	1	2	1	1	1	2	8
Жалпы саны	46	55	26	38	23	29	217
Ескертпе – Автормен [1] дереккөз негізінде жасалған							

Төменде NEET санатындағы жастардың арасында өткізілген сауалнаманың нәтижелері келтірілген.


Сауалнамаға қатысқандардың арасындағы әлеуметтік проблемалардың басымдылық бойынша тізбесі 5-суретте келтірілгендей қалыптасты. Алғашқы бестіктегі проблемалардың қатарында: жалақының төмендігі, бағаның өсуі, баспананың қол жетімсіздігі, жұмыссыздық және қаржылық сауаттылықтың төмендігі. Жалпы алғанда, аталған проблемаларды кешенді қарастыратын болсақ бұл өмір сапасының төмендігі мен кедейшілік мәселелеріне меңзейтіні сөзсіз. Яғни, жас азаматтың жұмысы болғанымен де оның табысының негізгі бөлігі күнделікті өміріндегі қажеттіліктерді қанағаттандыруға жұмсалады. Нәтижесінде, ақшалай қор жинау, қымбат мүлікті сатып алудың (тұрғын үй, көлік және т.б.) мүмкіндігі жоқ.

Сонымен бірге, NEET жастармен әлеуметтік проблемалардың бірі ретінде қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейінің аталуы, қатысушылардың арасында қаржылық, несиелік ауыртпашылықтың жоғары болуының жанама дәлелі.

Қоғамдағы әділетсіздік проблемасы да NEET жастардың арасында өзекті. Өз кезегінде бұл көріністі бір жағынан жастардың арасындағы қоғамдағы әділеттілік деген сұраныстың артуымен байланысты оң пайымдауға да, екінші жағынан NEET жастардың арасындағы белгілі бір деңгейдегі наразылық әлеуеттің артуы деп теріс пайымдауға да негіз бар.

Респонденттердің жастарды қолдауға арналған бағдарламалар мен жобалар туралы ақпараттану деңгейін, осы бағыттағы сұраныстарын және ақпаратты тұтыну көздерін бағамдауға арналған бөлімде логикалық ізділігі бар 4 сұрақ қойылды.


Сауалнама нәтижелері, бұдан бұрын қалыптасып, орныққа пікірлерден алшақ болып шықты. Әдетте, NEET жастардың мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпараттану деңгейінің төмендігін алға тартатын зерттеулер, сарапшылардың пікірі аз емес. Бірақ, дәл осы сұрақ-жауаптар барысында жастардың бұл тұрғыдағы ақпараттану деңгейі қанағаттанарлық екенін көрсетті.



5-сурет - NEET жастардың әлеуметтік проблемаларының рейтингісі

Ескертпе – Автормен сауалнама қорытындыларының негізінде жасалған

Жауаптардың үлестік ара-қатынасы көрсетілген 6-суретке сәйкес қатысушылардың 39% жуығы мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен жобалары туралы білетінін айтса, 46% олар туралы жалпы естігенім бар деп жауап берген. Демек, респонденттердің 85% мемлекеттік қолдау шаралары туралы мүлдем бейхабар емес. Керісінше, олар туралы ештеңе естімеген және жауап беруге қиналатындардың үлесі 15% ғана құрады.



6-сурет - NEET жастардың мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпараттану деңгейі

Ескертпе – Автормен сауалнама қорытындыларының негізінде жасалған

7-суретке сәйкес жекелеген бағдарламалар мен жобалардың тізімі келтірілген сұрақта, қатысушылардың арасындағы ең танымалы «Жасыл ел» жобасы болып анықталды – жауап бергендердің 78,4% аталған қолдау шарасымен таныс.

Осы сұрақ бойынша респонденттердің 41,1% «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны» жобаларымен таныс болса, өзге бағдарламалар туралы білетіндердің үлес 1/3 шамасында. Сауалнама барысында жауап берген жастардың арасында танымалдығы ең төмен жобалар қатарында – «Мәңгілік ел жастары-индустрияға» – «Серпін-2050» және «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру».



7-сурет – NEET жастардың жекелеген бағдарламалар мен жобалар бойынша ақпараттану деңгейі

Ескертпе – Автормен сауалнама қорытындыларының негізінде жасалған

Мемлекет тарапынан жасалатын әлеуметтік қолдау шаралары туралы бейхабар жастардың (14,7%) негізгі сұраныстары жұмысқа орналасу, өз ісін ашу, баспаналы болумен байланысты. Ал, психологиялық көмек (9,4%), заңгерлік кеңес (9,4%) және медициналық сауықтыру (9,4%) шараларына

деген сұраныс салыстырмалы түрде жоғары деп айтуға келмейді. Өз кезегінде, бұл жағдай жастардың аталған көмек түрлеріне деген мұқтаждықтың төмендігінен бұрын, осындай қызметтерді мемлекеттік ұйымдардан алу мүмкіндігіне күмәннің болуымен байланыстыруға болады. Бірқатар өңірлерді жастарға аталған қызмет түрлерін сапалы көрсету үшін кадрлық әлеуеттің жоқ екендігі де жасырын факт емес.

NEET жастардың мемлекеттік қолдау шаралары бойынша жалпы ақпараттану деңгейі жоғары. Бірақ, нақты бағдарламалар мен жобаларға келгенде негізгі үлес жұмысқа орналастыру шараларына, оның ішінде мерзімді сипаттағы («Жасыл ел») қолдауға тиесілі. Аталған жобаның жастар арасында танымал болуының негізгі себептерін келесіде деп болжауға болады:

- жобаның ұзақ мерзімде – соңғы 18 жыл бойы үздіксіз жүзеге асуы;
- жобаға салыстырмалы түрде ерте жастан (14, 16 жастан) қатысу мүмкіндігі, сәйкесінше жоба туралы ерте ақпараттандыру;
- жобаның қала және ауыл жастарына бірдей қолжетімді болуы;
- жобаға қатысушыларды қосымша әлеуметтік қолдау шараларымен қамту (киім-кешектік берілуі, іс-шаралардың өткізілуі және т.б.);
- жоба жұмысының нәтижелілігінің көрнектілігі – қала немесе ауыл тазалығы, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары.

Демек, жастарды әлеуметтік қолдауға бағытталған жобалардың аясында ақпараттық жұмысты ұйымдастыру барысында «Жасыл ел» жобасының оңтайлы тұстарын назарға алған жөн.


Білім алу мен мамандықты игеруді қолдауға бағытталған жобалар бойынша жастардың ақпараттану деңгейі қанағаттанарлықсыз. Өз кезегінде, жоғары немесе орта кәсіби білімнің болмауы көп жағдайда тұрақты жұмысқа орналасудың негізгі кедергілерінің бірі болып табылатыны анық.

Сауалнаманың келесі сұрағының барысында жастарға мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат жеткізудің ұтымды құралдары айқындалды. Бұл сұрақ, нақты түрде мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларды білетінін, жалпы таныс екенін растаған респонденттерге қойылғанын атап өту қажет.

Сұраққа жауап берген қатысушылардың 70,8% мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпаратты әлеуметтік желілерден білген. Сонымен қатар, 8-суретке сәйкес жастар үшін ақпараттың қайнар көзі болып табылатын құралдардың алғашқы қатарында интернет, жаңалықтар сайттары (34,1%) және мессенджерлер (31,4%) (WhatsApp, Telegram) орналасқан.

Ақпараттық кеңістіктегі монополия интернетке тиесілі болып келе жатқаны осы сұраққа берілген жауаптар аңғартады. Яғни, алғашқы үштікте орналасқан ақпарат тарату құралдарының барлығы интернет желісіне тәуелді, әрі байланысты. Бұл тұрғыда, қосымша атап өтер жағдай әлеуметтік қолдау шаралары туралы бейхабар жастар келешекте осындай мазмұндағы ақпаратты дәл жоғарыда аталған ақпарат көздері арқылы алуға ниетті – оның ішінде әлеуметтік желілер (40,6%) және мессенджерлер (34,4%).

Бұдан бөлек, халықтың арасында біраз жылдар ақпаратты таратудың құралы болған БАҚ (теледидар, радио, баспа басылымдары), баннерлер мен плакаттар, парақшалар мен буклеттердің жастардың арасында соншалықты сұранысқа ие емес екені байқалады. Өз кезегінде, атаулы сипаттағы құралдар – іс-шаралар мен жеке кеңестердің, сауалнамаға қатысқан жастарды ақпараттандырудағы үлесінің аздығы – олардың санының немесе қамту мүмкіндігінің төмен екендігінің көрсеткіші.



8-сурет – НЕЕТ жастардың мемлекеттік қолдау шаралары бойынша ақпараттанудың қайнар көздері


Ескертпе – Автормен сауалнама қорытындыларының негізінде жасалған

Сауалнаманың келесі тақырыптық бөлімінде НЕЕТ жастардың мемлекеттік органдармен қарым-қатынас, байланысының деңгейі зерделенді. Сұрақ мазмұны жастардың туындаған әлеуметтік проблемаларын (жұмысқа орналастыру, білім алу, тұрғын үй, материалдық көмек) шешудегі мемлекеттік ұйымдардың рөлін бағалаумен байланысты болды.

Респонденттердің жартысынан көбі – 62,7% өздерінің әлеуметтік проблемаларын шешуде мемлекеттік ұйымдарға жүгінбеген. 1/3 бөлігі - 32,3% көмекке мұқтаждық танытып, мемлекеттік ұйымдар тарапынан қолдау іздеген. Тиісінше, 9-суретте көрсетілгендей олардың 58,6% проблемаларының мемлекеттік ұйымдардың қолдауымен шешілгенін көрсетсе, 21,4% көрсетілген көмектің көңілден шықпағанын басып айтқан. Ал, 15,7% жүгінген күннің өзінде қажетті көмекті алмағанын атап өтті.

Демек, жауап бергендердің 1/3 бөлігінен көбінің мемлекеттік ұйымдардың жұмысына көңілі толмаған.

Жастардың арасында көмекке мұқтаж болып мемлекеттік ұйымдарға жүгіну нәтижесінде оң және теріс пікірде қалғандардың үлесі тең болып шықты. Бұл жағдайдың мемлекеттік басқару органдары үшін мүлдем тиімсіз екені анық, себебі өз бетімен көмекке жүгінген азаматқа тиісті қызмет көрсетпеу, кемінде тұрақты кері байланыс орнатпау, мемлекеттік билікке деген сенімсіздіктің, келешекте халық арасында наразылық әлеуетінің жоғарлауының алғышарты болатыны анық.



9-сурет – Әлеуметтік мәселелерін шешу мақсатында мемлекеттік ұйымдарға жүгінген NEET жастардың көмек алуындағы нәтижелері

Ескертпе – Автормен сауалнама қорытындыларының негізінде жасалған

Әлеуметтік проблемаларын шешуде мемлекеттік ұйымдарға жүгінбегендердің себептерін зерделеген кезде 25,2% көмекке мұқтаж емес, яғни қиындықтарын өз бетінше еңсеруге мүмкіндіктері бар екендігіне меңзеді. Дегенімен де, қатысушылардың 19% осы сұраққа жауап беруге қиналса 30%-дан астамы мемлекеттік ұйымдарға жүгінбеуді ақпараттың болмауын және процедуралардың күрделілігімен байланыстырды. Бұдан бөлек, мемлекеттік ұйымдарға сенімсіздік танытатын (10,2%) және адамдармен тіл табысуда қиындық сезінетін (8,8%) жастардың бар екенін атап өткен жөн.


Респонденттердің мемлекеттік ұйымдармен қарым-қатынасындағы қиындықтар ретінде айқындалған кедергілер келесі сұрақтың барысында қайта расталды. Яғни, мемлекеттік ұйымдардың жұмысын жетілдіруге негізгі ұсыныс процедураларды жеңілдету. 10-суретте көрсетілгендей осы нұсқаны жастардың 24% таңдаған.

Жекелей қатынасты тиімді құрал ретінде қабылдайтындардың да қатары аз емес – 18,9%. Сонымен бірге, жұмысты жетілдіруді тікелей мемлекеттік ұйымдарға қатысты факторлармен байланыстыратын нұсқаларды қолдаушылар да болды. Сыни ұстаным респонденттердің 1/3

бөлігіне тиесілі, олардың 16,6%-ы мемлекеттік ұйымдардың ашықтығы мен қол жетімділігін қаласа, 16%-ы аталған ұйымдардағы қызметкерлердің біліктілігіне көңілдері толмайды.

Сауалнаманың келесі тақырыптық бөлімі, тұжырымдамалық тұрғыда NEET жастар үшін негізгі мәселе болып табылатын – жұмыссыздыққа арналған. Яғни, осы санаттағы жастардың мемлекет тарапынан ұсынылатын жұмысқа орналастыру бағдарламаларына қатысу деңгейін анықтау.

Респонденттердің жартысынан көбі – 68,7%-ның жастарды жұмысқа орналастыру бағдарламалары мен жобаларына қатысу тәжірибесі болмаған. Бұл ретте, 11-суретте көрсетілгендей жастардың ұсынылатын жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне деген қызығушылығының болмауының негізгі екі себебі анықталды: біріншісі – жұмысқа орналасуда қиындықтың жоқтығы - 20%, екіншісі – ақпараттың аздығы - 20%. Демек, сауалнаманың алғашқы бөлімдерінде берілген жауаптар қайта расталды – респонденттердің 15-20%-ы жуығы мемлекеттік ұйымдар тарапынан ақпаратқа мұқтаж.



10-сурет –NEET жастардың мемлекеттік ұйымдардың жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстары

Ескертпе – Автормен сауалнама қорытындыларының негізінде жасалған

Жалпы, жұмысқа орналастыру бағдарламалары мен жобаларына қатыспаған жастардың арасында ұсынылатын қолдау шараларына күдікпен қарайтындардың үлесі де аз емес. Олардың қатарында – аталған жобаларға қатысудан болашақта септігін көрмейтіндер – 13,8%, жемқорлық бар деп есептейтіндер – 7,5% және сенімсіздік танытатындар – 6,9%.

Сонымен бірге, жауап бергендер арасында ұсынылатын қолдау шараларына көңілі толмайтынын атап өтті, оның ішінде 13,1%-ы процедуралардың қиындығын, ал 12,5%-ы жалақы мөлшері, жұмыс кестесіне байланысты сыни пікір білдірді.



11-сурет – NEET жастардың жұмысқа орналастыру бағдарламалары мен жобаларына қатыспауының болжамды себептері

Ескертпе – Автормен сауалнама қорытындыларының негізінде жасалған

Ал, жұмысқа орналастыру бағдарламалары мен жобаларына қатысқан жастардың жалпы пікірін теріс деп бағалауға ешқандай негіз жоқ. Мәселен, қатысқандардың жартысынан көбі өзіндік тәжірибесін оң бағалайды, әрі осындай қолдау шарасының арқасында 29,8%-ы біліктілігін жоғарлатып, әлеуметтік байланыстар орнатқанын, ал 26,3%-ы тұрақты жұмысқа орналасқанын атап өтті.


Дегенімен де, аталған бағдарламаға қатысудан күткен нәтижелеріне қол жеткізбегендер де кездесті, олар респонденттердің 1/3 бөлігін құрады. Оның ішінде, 19,3%-ы жобаларға қатысу жұмысқа орналасу мәселесінің уақытша шешім болғанын, ал 15,8%-ы жобаларға қатысудағы уақытының пайдасыздығын және ұсынылған еңбек жағдайларына (жалқы көлемі, жұмыс кестесі және т.б) көңілі толмағандарын атап өтті.

Сауалнаманың соңғы тақырыптық бөлімінде NEET жастардың мемлекет тарапынан қолдау мен осы бағытта атқарылып отырған жұмыстың деңгейіне байланысты пікірлері зерделенді. Қатысушылардың тең жартысы – 50,7%-ы мемлекет тарапынан қолдауды тек кейде сезінетінін атап өтсе, 25,8%-ы қолдауды сезінетіндерін нақты айтқан. Жалпы, сауалнамаға қатысып отырғандардың дені ұйымдаспаған жастар екенін ескерсек, көрсеткіш жақсы.

Бұдан бөлек, респонденттердің 15,7%-ның жауабы қолдаудың жоқ екенін, ал 7,8% бұл сұраққа жауап беруге қиналатынын көрсетті.

Сауалнамаға қатысқан жастардың мемлекеттік тарапынан қолдау бағытында жүргізіп отырған жұмысқа берген бағасын – жалпы жоғары деп қабылдауға негіз бар. Себебі, респонденттердің тең жартысы оң бағаны таңдаған. 12-суретте көрсетілгендей қатысушылардың 33,6%-ы жұмысты «жақсы», 19,4%-ы «өте жақсы» деп бағалаған. Қолдау шараларын «қанағаттанарлық» деп бағалағандардың үлесі 1/3-ті құрады немесе 32,7%.

Өз кезегінде, «қанағаттанарлықсыз» деп баға бергендердің үлесі төмен – 7,4%, ал жауап беруге қиналғандар 6,9% құрады.



12-сурет – NEET жастардың мемлекеттік қолдау шараларына берген бағасы

Ескертпе – Автормен сауалнама қорытындыларының негізінде жасалған

Өткізілген сауалнаманың нәтижесінде келесі қорытындылар жасалды.

Біріншіден, NEET жастардың арасында кедейшілік артуда, оның дәлелі әлеуметтік проблемалардың басымдылығының реті: жалақының төмендігі, бағаның өсуі, баспананың қол жетімсіздігі, жұмыссыздық.

Екіншіден, NEET жастардың мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпараттану деңгейі қанағаттанарлық, бірақ, танымалдыққа көбінесе мерзімді еңбекпен қамту шаралары ие.

Үшіншіден, NEET жастардың кәсіби және жоғары білім алуға жағдай туғызуға бағытталған бағдарламалар мен жобалар бойынша ақпараттану деңгейі төмен.

Төртіншіден, NEET жастарды мемлекет тарапынан ұсынылатын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ақпараттануды ең оңтайлы жолы интернет құралдары: әлеуметтік желі және мессенджерлер.

Бесіншіден, NEET жастар жеке әлеуметтік проблемаларын шешу жолында мемлекеттік ұйымдарға жүгінбеуінің басты себебі процедуралардың күрделілігімен байланыстырады.

Алтыншыдан, NEET жастар мемлекет тарапынан жұмысқа орналастыруда көмек көрсетуге бағытталған жобаларға қатысуының төмен деңгейі, ақпараттану деңгейінің төмендігімен байланысты.

Жетіншіден, NEET жастар мемлекеттік тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қолдауға деген қатынасы оң, әрі ұстанымдары ашық, яғни белгілі бір деңгейдегі әріптестікке дайын.

Магистрлік жобаның аясында жастармен атаулы жұмыс, NEET жастарды әлеуметтік топтарға жіктеу, олар бойынша ақпаратты жүйелендіру мәселелеріне қатысты сараптамалық сұхбаттар өткізілді.

Сұхбатқа NEET жастарға бағытталған жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға тікелей қатысы бар тараптардың өкілдері, оның

ішінде: мемлекеттік ұйымдардың басшылары, үкіметтік емес ұйымдардың басшылары, қоғам белсенділері, ғылыми-зерттеу орталықтарының қызметкерлері (зерттеушілер) қатысты.

Сарапшыларға мынадай жалпы сипаттағы талаптар қойылды:

- ішкі және жастар саясаты, білім беру салаларында (бағыты бойынша) қызмет етуі;

- ішкі және жастар саясаты, ғылым және білім салаларында (бағыты бойынша) кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

Бұдан бөлек, сарапшылардың жеке топтарына қатысты қосымша талаптар анықталды:

- мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың басшыларына соңғы 3 жылдың ішінде NEET жастарға бағытталған жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға қатысу тәжірибесінің болуы;

- ғылыми-зерттеу орталықтарының қызметкерлеріне (зерттеушілер) соңғы 3 жылдың ішінде NEET жастар мәселелеріне арналған зерттеу жұмыстарына қатысуы, әрі ғылыми дәрежесінің немесе ғылым магистрінен төмен емес академиялық дәрежесінің болуы.

Онлайн конференция форматында өткізілген сұхбатқа жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келетін Астана қаласының, Ұлытау және Қарағанды облыстарының 10 сарапшысы қатысты.

Сұхбат «NEET жастармен атаулы жұмыс», «NEET-жастарды әлеуметтік топтарға сегментациялау» және «NEET жастармен жұмысты дербестендіру» секілді үш бөлімшеге шартты түрде бөлінген 2-қосымшада көрсетілген 15 «ашық» форматтағы сұрақты қамтыды.

Сұхбат нәтижесі бойынша төмендегідей ұстанымдар қалыптасты.

Біріншіден, сарапшылардың негізгі бөлігі NEET санатындағы жастардың үлесін анықтауда отандық статистика органдарымен ұсынылатын мәліметтердің өңірлердегі объективті жағдаймен әрдайым жанаса бермейтінін атап өтті. Сонымен қатар, жалпы аталған көрсеткіштің жастардың арасындағы әлеуметтік, қоғамдық ахуалды бағамдайтын құрал ретінде кеңінен қолданылуын жақтамайтын сарапшылар да болды. Олардың пікірінше, бұл статистикалық өлшем, яғни NEET жастар үлесі бүгінгі таңда тым саясиландырылған.

Екіншіден, сарапшылардың барлығы NEET санатындағы жастармен атаулы жұмысты жетілдіру мен тиімділігін арттыру қажеттілігін атап өтіп, негізгі екпінді жұмысқа орналастыру, оқу, кәсіби бағдарлау секілді бағыттарға арнағанды мақсатты деп санайды. Сарапшылар атаулы жұмыстың тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлар қатарына мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын мекемелердің кадрлық әлеуметімен байланыстырады.

Үшіншіден, сарапшылар NEET санатындағы жастардың арасындағы негізгі әлеуметтік топ ретінде жұмыссыздарды, үй шаруашылығымен айналысатын жастарды, ресми еңбек қарым-қатынастарын рәсімдемей жұмыс істейтін жастарды атап өтті. Бірқатар сарапшылар NEET санатына бала күтімімен айналысатын жас әйелдерді жатқызуды бұрыс деп есептейді және оны жергілікті халықтың ділі, әрі отбасылық қарым-қатынастағы ерекшеліктермен негіздейді.

Төртіншіден, сарапшылардың тарапынан NEET санатындағы жастардың дерекқорларын қалыптастыру мәселесінде ерекше ықтиярлықтың қажеттілігі туралы айтылды. Негізгі тәуекел жастардың жеке мағлұматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты.

Сонымен бірге, мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін сарапшылар қазіргі уақытта «Отбасының цифрлық картасы» атты жобасының аясында NEET санатындағы жастар жалпы дерекқорын өзектендіру бойынша жұмыстың ақтарылып жатқандығы айтылды. Дегенімен де, сарапшылардың пікірінше аталған бағыттағы жұмысты әлі де жүйелендіру қажет, оның ішіндегі негізгі мәселе – мемлекеттік ақпараттық жүйелердің өзара интеграциясы.

Қорытынды

Соңғы жылдары NEET жастар үлесінің айтарлықтай төмендеуі мемлекеттік және аймақтық деңгейде жастарды әлеуметтік қолдау, оның ішінде жұмысқа орналастыру, білім беру, кәсіпкерлік бастамаларын қолдауға бағытталған жобалар мен бағдарламалардың арқасында қол жеткізілгені анық.

Осындай оң нәтиженің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін NEET санатындағы жастармен атаулы жұмыстың тиімділігін күшейту маңызды. Қазіргі уақытта бұл бағытта атқарылып отырған жұмыстың атаулы сипаты жеткілікті деңгейде емес. Себебі, біріншіден, мемлекеттік әлеуметтік қолдау жалпы жастарға бағытталған, екіншіден, қолданылатын әдіс-тәсілдердің ұйымдастыру және «жұмсалған күш-қолжеткізген нәтиже» арақатынасы тұрғысынан жетілдіруді қажет етеді.

Осы орайда, магистрлік жобаның аясында анықталған негізгі мақсатқа сәйкес, жүргізілген зерттеулердің нәтижесі ретінде келесідей ұсыныстар әзірленді.

Жалпы, ұғымдар деңгейінде жұмыссыз жастар мен NEET санатындағы жастардың арасында айқын айырмашылық болуы тиіс. Бұндай шарт орындалмаған жағдайда, жұмыстың атаулы сипатын, әрі тиімділік бағалай қиындықтар туғызады.

Жұмысқа орналасуға ынталы және ізденіс үстінде жүрген адаммен, белгілі бір объективті немесе субъективті жағдайларға байланысты ресми жұмыс істеуден бас тартатын, не болмаса тұлғалық ерекшеліктеріне орай

жұмысқа орналасуда қиындық көретін жастарға қолдау көрсетудің реті де, жолы да өзгеше болады.

Біріншіден, NEET жастармен атаулы сипаттағы жұмыстың өңірлер арасындағы бірізділігін қамтамасыз ету үшін ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен «NEET және өзге де ұйымдаспаған жастардың топтарымен жұмыс істеудің алгоритмі/ережесі» атты құжат әзірленуі тиіс.

Бірізділік нақты мақсатты топты анықтау, олар бойынша дерекқор қалыптастыру механизмі, көмекке мұқтаж жастарды оңалтуда қолданылатын құралдар мен әдіс-тәсілдер тізбесі, жүргізілген жұмыс нәтижелерін бағалауды қамтитын бағалау жүйесі секілді бағыттар бойынша қамтамасыз етілуі тиіс.

Екіншіден, атқарылатын жұмыстың атаулы сипатын күшейту және NEET санатындағы жастардың үлесін төмендету үшін жастардың жекелеген әлеуметтік топтарымен жұмыс істеуде тұлғалық, яғни «нақты адамға бағытталған» қағиданы қолдану қажет. Олардың ішінде, негізгі топтар ретінде келесілерді қамтуды ұсынылады:

- 1) еңбек қарым-қатынастарын рәсімдеусіз жұмыс істеп жүрген жастар;
- 2) оқудан шығып немесе оны тастап кеткен жастар;
- 3) еңбекке жарамды инвалид жастар;
- 4) пробациялық бақылаудағы жастар;
- 5) алкогольизм мен нашақорлыққа тәуелділік бойынша есепте тұрған жастар;
- 6) балалар үйінің түлектері;
- 7) аз қамтылған, әлеуметтік жағдайы осал отбасында тәрбиеленетін жастар.

Бұл тізімдегі әлеуметтік топтардың тандалуының басты себебі, олар бойынша нақты ақпараттың мемлекеттік органдар үшін әлдеқайда қолжетімді болуында.

Келтірілген жіктеудің тағы да бір маңызды тұсы – алдын-алу, яғни NEET санатына қосылу тәуекелі жоғары (3 пен 7 орында келтірілгендер) жастармен жұмыстың ертерек басталуында.

Үшіншіден, NEET санатындағы және өзге де ұйымдаспаған жастардың орталықтандырылған республикалық дерекқорын қалыптастыру қажет. Алғашқы кезеңде дерекқорды қалыптастыру үшін жоғарыда келтірілген топтардың мәліметтерін қолдануда бастауға болады, себебі олар бойынша ақпарат өңірлік деңгейде қолжетімді.

Басты мақсат – аймақтық деңгейде аталған жастарды әлеуметтендіруге бағытталған жұмысқа бақылау орнату және оның тиімділігін бағалау мүмкіндігіне ие болу. Бұл ретте, дерекқорды құру, оның жұмыс істеу логикасы мен тұжырымдамасын анықтау ҚР Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің құзыреті, ал оған мәліметтерді жүктеу және өзектендіру аймақтық жастар ресурстық орталықтарына жүктелуі тиіс.

Төртіншіден, NEET санатындағы және өзге де ұйымдаспаған жастарды әлеуметтендіруде тұлғалық, кешенділік және кезеңділік қағидаларына негіздеу.

Бұл тұрғыда, жұмысты әрбір жастың әлеуметтік және психологиялық жағдайын, жеке мүмкіндіктерін ескеретін «Жеке даму траекториясын» немесе «Тұлғалық даму картасын» әзірлеу арқылы ұйымдастыру қажет. Осы орайда, нақты адаммен атаулы жұмысты ұйымдастырудан бұрын жалпы сипаттағы әлеуметтік-психологиялық диагностиканы ұйымдастырған маңызды.

Бесіншіден, NEET санатындағы және өзге де ұйымдаспаған жастардың мемлекеттік әлеуметтік қолдау шаралары бойынша ақпараттану деңгейін арттыру мақсатында жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін толық қолдану қажет. Оның ішінде, негізгі екпін жастардың арасындағы танымал әлеуметтік желілер мен мессенджерлерге жасалуы тиіс.

Интернет сегментіндегі ақпараттың жойқын легіне төтеп беру үшін, яғни әзірленген контенттің мақсатты аудиторияға жеткізу үшін келесі ұсыныстар бар:

- жастарға арналған пайдалы контенттің жоғары сапасын қамтамсыз ету мақсатында әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде аймақтық деңгейде тек бір аккаунт арқылы жұмыс істеу;

- ақпаратты тарату барысында жасанды интеллекттің (таргетинг, ақылды алгоритмдер және т.б.) әлеуетін қолдану;

- интернеттің әлеуетін қолдана отыра NEET санатындағы жастармен «тығыз» қарым-қатынас орнату және пайдалы ақпараттың 24/7 тәртібінде қолжетімді болуын қамтамасыз ету (чат-боттар).

Алтыншыдан, NEET санатындағы және ұйымдаспаған өзге жастардың жұмысбастылығын қамтамсыз ету үшін ұзақ мерзімді оқу мен қатаң тәртіптегі жұмыстан бұрын тез меңгерілетін біліктіліктерге (IT, қызмет көрсету саласы) және кәсіпкерлікке үйрету, әрі баулу. Бұл жұмысты, өңірдегі осы салалардағы бейресми қауымдастықтармен серіктестік негізде жүзеге асыру маңызды.

Жетіншіден, жастармен, оның ішінде NEET санатындағы жастармен жұмысты жүзеге асыруға жауапты қала және аудан деңгейіндегі жастар ресурстық орталықтарында қызмет ететін басшылар мен мамандардың біліктілігін арттыру жүйесін енгізу.

Республикалық деңгейде жүзеге асатын жоба мен шаралар туралы шалғай қалалар мен елді-мекендерге жастарды ақпараттандыратын, әр түрлі жеке қиындықтарды еңсеруде қолдау көрсететін мамандардың біліктілігіне жалпы нәтиже толығымен тәуелді. Тиісінше, оларды даярлау, біліктілігін

арттыру жоспарлы, әрі бір-бірімен нақты байланысы бар сатылы жүйе арқылы жүзеге асуы маңызды.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми сайты - <https://stat.gov.kz/> Жүгінген күні: 04.04.2023
- 2 «BAQ.KZ» ақпарат агенттігінің ресми сайты - <https://baq.kz/qazaqstan-alemde-zhasospirimder-arasyndagy-suitsid-boyunsha-ushtikte-tur-302421/> Жүгінген күні: 25.04.2023
- 3 «Egemen.kz» желілік басылымының ресми сайты - <https://egemen.kz/article/316327-esirtkige-elitkenderdinh-sany-azaymay-tur> Жүгінген күні: 08.02.2023
- 4 Mascherini M. et al. NEETs-Young people not in employment, education or training: Characteristics, costs and policy responses in Europe. – 2012.
- 5 Буланова М. NEET-молодежь: опыт международной диагностики //Вестник РГГУ. Серия «Философия. Социология. Искусствоведение». – 2018. – №. 3 (13). – С. 54-62
- 6 Варшавская Е.Я. Российская NEET-молодежь: характеристики и типология //Социологические исследования. – 2016. – №. 9. – С. 31-39.
- 7 Шестакова Н. Н. и др. О человеческом капитале молодежи, которой NEET //Экономика труда. – 2019. – Т. 6. – №. 1. – С. 565-586.
- 8 Буланова М. Б., Артамонова Е. А. NEET-молодежь: потребительское поведение в новой реальности //Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Социология. – 2022. – Т. 22. – №. 1. – С. 113-125.
- 9 Bynner J., Parsons S. Social exclusion and the transition from school to work: The case of young people not in education, employment, or training (NEET) //Journal of vocational behavior. – 2002. – Т. 60. – №. 2. – С. 289-309.
- 10 Agranovich M. et al. Социально-экономические эффекты образования: анализ данных стран ОЭСР и России.(Socio-economic effects of education: analysis of data from OECD countries and Russia) //Socio-economic effects of education: analysis of data from OECD countries and Russia)(January 21, 2021). – 2021.
- 11 «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ.
- 12 Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы «Қазақстандағы NEET жастардың әлеуметтік ұстанымдары» талдамалық баяндамасы//«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы. – 2022. Б. 123-125.
- 13 А.Қ.Сакошев, С.Ж.Ахантаева, Е.А.Руднева, Э.С.Паули, Н.О.Наурызбаев NEET санатындағы жастармен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық: анықтамасы, есептеу әдістемесі, жұмыс алгоритмдері//«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы. – 2021. Б. 20-21.

14 Халықаралық еңбек ұйымының ресми сайты - <https://www.ilo.org/Search5/search.do?searchLanguage=en&searchWhat=NEET> Жүгінген күні: 15.02.2023

15 Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының ресми сайты - <https://data.oecd.org/youthinac/youth-not-in-employment-education-or-training-neet.htm> Жүгінген күні: 15.02.2023

16 А.Қ.Сакошев, С.Ж.Ахантаева, Е.А.Руднева, Э.С.Паули, Н.О.Наурызбаев NEET санатындағы жастармен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық: анықтамасы, есептеу әдістемесі, жұмыс алгоритмдері//«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы. – 2021. Б. 25-37.

17 Комарова И. и др. Будущее дошкольного образования в эпоху цифровизации //Современное дошкольное образование. Теория и практика. – 2018. – №. 8 (90). – С. 16-25.

18 Лизина О. М., Федонина О. В. Повышение качества жизни как условие решения проблемы NEETs: опыт стран Евросоюза //E-Scio. – 2018. – №. 12 (27). – С. 71-78.

19 Еуро одақтың (Еуро комиссияның) ресми сайты - <https://ec.europa.eu/social/main.jsp?catId=1079&langId=en> Жүгінген күні: 11.04.2023

20 Shults E. E. On the reasons of radical forms of social protest: Reflections about principles of ‘Malthusian trap’and demographic factors //RUDN Journal of Sociology. – 2017. – Т. 17. – №. 2. – С. 180-191.

21 Калиева С. А., Калмакова Ж. А., Каримова Ж. К., Макатова А. Д., Хамбар Б., Ханов Т. А., Чеботарёв А. Е., Искаков А. Е., Затилла Н. Ж., Жанғабыл З. С., Макашева А. Т., Манакова К. С. «Қазақстан жастары – 2022» ұлттық баяндамасы. Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2022». National report «Youth of Kazakhstan – 2022». Б. 112-117.

22 ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми сайты - <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam?lang=kk> Жүгінген күні: 21.04.2023

23 «18-29 жас аралығындағы NEET жастарды, оның ішінде 2018 жылғы түлектерді жұмыспен қамту және әлеуметтендіру бойынша жол картасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 583 қаулысы

24 Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 918 қаулысы

25 «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы

26 Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы

27 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы

28 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 241 қаулысы

29 ҚР Президентінің Әкімшілігі Басшысының 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №22-01-38.24 «Жалпы елдегі прогресс индексі көрсеткіштерінің тізбесін және бағаланатын мемлекеттік органдар нәтижелілігі түйінді көрсеткіштерінің тізбесін бекіту туралы» бұйрығы

Қосымшалар

Қосымша 1

NEET жастармен атаулы жұмыстың деңгейіне арналған сауалнама барысында қолданылған сұрақтар тізбесі

Құрметті респондент!

Бөлген уақытыңыз және осы сауалнамаға қатысқаныңыз үшін алғыс білдіремін!

Сауалнамадан өту Сіздің уақытыңыздың тек 5 минутынан қажет етеді .

Сіздің жауаптарыңыз маған жастардың мемлекеттік қолдау шараларына қанағаттану деңгейін бағалауға көмектеседі. Сондай-ақ, сауалнама нәтижелері жастармен атаулы жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеуде септігін тигізеді.

Сауалнама толығымен анонимді және тек қаласаңыз ғана, кері байланыс үшін деректерді қалдыра аласыз.

Тағы бір мәрте, Сізге белсенділігіңіз үшін шексіз ризашылығымды білдіремін!

Сауалнаманы бастау үшін келесі деректерді көрсетіңіз.

Жынысыңыз:

- Ер
- Әйел

Жасыңыз:

- 18-ден 24-ке дейін
- 25-тен 28-ге дейін
- 29-дан 34-ке дейін

Тұратын орныңыз:

- Қала
- Ауыл

Жастарға арналған сауалнама

Қандай әлеуметтік проблема Сізді ерекше толғандырады (үш нұсқадан көп емес)?

- Жұмыссыздық
- Алкогольге және есірткіге тәуелділік

- Білімнің қол жетімсіздігі
- Отбасындағы, ата-аналармен дау-жанжалдар
- Қаржылық сауаттың төмен деңгейі
- Баспананың болмауы
- Жалақының төмендігі
- Заңмен байланысты проблемалар (құқық бұзушылықтар)
- Азық-түлік пен коммуналдық қызметтер бағасының өсуі
- Басқалармен қарым-қатынас орнату
- Қоғамдағы әділетсіздік
- Өз нұсқаңыз

Жастарды қолдауға арналған бағдарламалар мен жобалар туралы білесіз бе?

- Білемін
- Естігенім бар
- Алғашқы рет естуім
- Жауап беруге қиналамын

Төменде көрсетілген бағдарламалар мен жобалардың қайсысын білесіз?

- "Жастар практикасы", "Алғашқы жұмыс орны"
- "Бастау Бизнес", бизнесті ашуға арналған гранттар
- "Жасыл ел"
- "7-20-25", "Шаңырақ"
- "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру"
- "Жұмысшы жастарға арналған жалға берілетін тұрғын үй"
- "Дипломмен ауылға"
- "Zhas Project"
- "Мәңгілік ел жастары-индустрияға" - "Серпін-2050"
- Өз нұсқаңыз

Сіз жастарды қолдауға арналған бағдарламалар мен жобалар туралы қайдан білдіңіз (үш нұсқадан көп емес)?

- БАҚ (теледидар, радио, баспа басылымдары)
- Интернет, жаңалықтар сайттары
- Әлеуметтік желілер (Instagram, Tik Tok)
- Мессенджерлер (WhatsApp, Telegram)
- Туыстар, достар арқылы
- Іс-шаралар (кездесулер, акциялар, тренингтер және т. б.)
- Мамандардың жеке кеңестері
- Телефон қоңыраулары, SMS жіберу
- Баннерлер мен плакаттар
- Парақшалар мен буклеттер

Қолдаудың қандай шаралары туралы білгіңіз келеді (үш нұсқадан көп емес)?

- Жұмысқа орналасуға көмек
- Жаңа мамандыққа меңгеру
- Университеттегі оқу гранттары
- Жеңілдетілген шарттармен тұрғын үй сатып алу
- Психологиялық көмек көрсету
- Заңгерлік кеңес беру
- Өз ісін ашуға арналған гранттар
- Медициналық көмек, сауықтыру
- Өз нұсқаңыз

Қолдау шаралары туралы ақпаратты қандай жолмен алғыңыз келеді (үш нұсқадан көп емес)?

- БАҚ (теледидар, радио, баспа басылымдары)
- Интернет, жаңалықтар сайттары
- Әлеуметтік желілер (Instagram, Tik Tok)
- Мессенджерлер (WhatsApp, Telegram)
- Жұмыс орнында
- Іс-шаралар (кездесулер, акциялар, тренингтер және т. б.)
- Мамандардың жеке кеңестері
- Телефон қоңыраулары, SMS жіберу
- Баннерлер мен плакаттар
- Парақшалар мен буклеттер
- Сенім телефоны
- Өз нұсқаңыз

Мемлекеттік ұйымдарға көмек сұрап (жұмысқа орналастыру, білім алуғ тұрғын үй, материалдық көмек) жүгіндіңіз бе?

- Иә
- Жоқ
- Жауап беруге қиналамын

Мемлекеттік ұйым Сіздің проблемаңызды шешуге көмектесті ме?

- Иә
- Иә, бірақ нәтижесі көңілімнен шықпады
- Жоқ
- Жауап беруге қиналамын

Қиындықтар туындағанда, Сізге мемлекеттік ұйымдарға жүгінуге не кедергі келтіреді?

- Ештеңе, қажеттілік болмады

- Сенімсіздік
- Ақпараттың болмауы
- Процедуралардың күрделілігі, бюрократия
- Қызметкерлер байланысқа шықпайды
- Адмдармен тіл табысуым қиын
- Жауап беруге қиналамын
- Өз нұсқаңыз

Мемлекеттік мекемелердің жастармен қарым-қатынасындағы жұмысын қалайша жақсартуға болады?

- Ашықтық пен қол жетімділікті қамтамасыз ету
- Ақпараттық жұмысты күшейту
- Процедураларды жеңілдету
- Әрбір адамға жекеше қатынас
- Қызметкерлердің біліктілігін (білімін) жақсарту
- Жауап беруге қиналамын
- Өз нұсқаңыз

Жұмысқа орналастыру бағдарламалары мен жобаларына қатыстыңыз ба?

- Иә
- Жоқ
- Жауап беруге қиналамын

Жұмысқа орналастыру бағдарламасы немесе жобасына қатысу сізге кейінде көмектесті ме?

- Иә, тұрақты жұмысқа орналасуға көмектесті
- Иә, тәжірибе жинап, жаңа таныстарды таптым
- Мәселенің тек уақытша шешімі болды
- Жоқ, ұсынылған еңбек жағдайлары (жалақы) көңілден шықпады
- Жоқ, уақытты текке өткіздім
- Қазіргі уақытта қатысудамын, әлі аяқтаған жоқпын

Неліктен Сіз жұмысқа орналастыру бағдарламалары мен жобаларына қатысуға мүдделі емессіз?

- Жұмысқа орналасуда қиындық жоқ
- Процедуралардың күрделілігі, бюрократия
- Ақпарат аз
- Сенімсіздік
- Болашақтағы септігін көрмеймін
- Шарттары (жалақы мөлшері, жұмыс кестесі) көңілден шықпайды
- Таныстардың (достардың) қатысуындағы сәтсіздіктер

- Жемқорлық, байланыс қажет
- Өз нұсқаңыз

Сіз мемлекеттің тарапынан қолдауды сезінесіз бе?

- Иә
- Кейде
- Жоқ
- Жауап беру қиын
- Өз нұсқаңыз

Сіз мемлекеттік ұйымдардың жастарды қолдаудағы жұмысына қандай баға бересіз?

- Өте жақсы
- Жақсы
- Қанағаттанарлық
- Қанағаттанарлықсыз
- Жауап беру қиын
- Өз нұсқаңыз

Байланыс деректері (қатысушы ниетті болған жағдайда көрсетіледі)

Телефон

Электрондық пошта мекенжайы

Сұрақтар мен ұсыныстар туындаған жағдайда b.n.alimzhanov@gmail.com поштасына хабарласуыңызды сұраймын, әлеуметтік желілердегі аккаунттар – @b.alimzhanov

Қосымша 2

NEET жастармен атаулы жұмыстың деңгейіне арналған сарапшылармен сұхбат барысында қолданылған гайд



Құрметті сарапшы!

Осы хатпен Сізді NEET жастармен атаулы жұмысты жетілдіру мәселелеріне арналған сараптамалық сұхбатқа қатысуға шақырамын.

Бұл сұхбат «NEET-жастармен арнайы жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы магистрлік жоба аясында зерттеу әдістерінің бірі ретінде өткізіледі. Сұхбат нәтижелері NEET жастармен атаулы жұмысты ұйымдастырудағы бар проблемаларды анықтау және оны жетілдіру бойынша тиісті ұсыныстарды әзірлеу үшін пайдаланылатын болады.

Сұхбатты қашықтықтан зоот-конференциясы форматында өткізу ұсынылады. Сұрақтардың жалпы саны - 15, өткізілу ұзақтығы 40 минуттан аспайды.

Нәтижелі жұмысты ұйымдастыру үшін Сізге алдын-ала сұрақтар тізімін жолдаймын.

Уақытыңызды бөлгеніңізге ризашылығымды білдіремін және әріптестікке үміттімін!

***Құрметпен, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік саясат ұлттық мектебінің магистранты
Әлімжанов Біржан***

Сарапшылармен сұхбат жүргізуге арналған сұрақтар тізбесі

1. Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы NEET жастардың үлесін анықтау бойынша қолданылатын әдістер (тәсілдер) өзекті ме?
2. Сіздің ойыңызша, NEET жастармен атаулы жұмыс нені қамтуы қажет?
3. NEET жастарға бағытталып жүргізіліп отырған атаулы жұмыстың деңгейі мен сапасына қандай баға бересіз?
4. Сіздің ойыңызша, NEET жастармен атаулы жұмыстың тиімділігін арттыруда қандай кедергілер (проблемалар) бар?
5. Сіздің ойыңызша, NEET жастармен атаулы жұмысты қалай жетілдіруге болады?
6. Сіздің ойыңызша, NEET жастармен атаулы жұмысты объективті бағалау үшін қандай индикаторларды (көрсеткіштер, критерийлер) пайдалану қажет?
7. Жеке тәжірибеңізге сүйене отырып, NEET жастарды қандай негізгі әлеуметтік топтарға (санаттарға) бөлер едіңіз?
8. Сіздің ойыңызша, NEET жастарды сегменттеуде қандай проблемалар бар?
9. Сіздің ойыңызша, NEET жастарды сегменттеу тәсілдерін іс жүзінде енгізу және жұмыста қолдану үшін қандай қадамдар жасау қажет?
10. NEET жастармен жұмыс барысында тұлғалық (жеке адамға бағытталған) тәсілді қолданғанды тиімді деп санайсыз ба?
11. Сіздің ойыңызша, NEET жастармен жұмыс барысында тұлғалық (жеке адамға бағытталған) тәсілді іс жүзінде енгізу үшін қандай қадамдар жасау қажет?
12. Сіздің ойыңызша, NEET жастардың республикалық (өңірлік) дербес базасын құруда қандай кедергілер (проблемалар) бар?
13. Сіз NEET жастардың дербес базасын құрудағы сәтті отандық немесе шетелдік тәжірибемен таныссыз ба?
14. NEET жастардың дербес базасын іс жүзінде енгізу және жұмыста қолданудың негізгі алғышарттары қандай?
15. Сіз NEET жастардың жеке есебін жүргізу қазіргі кезде NEET жастардың үлесін анықтауда қолданылатын тәсілдерге лайықты балама деп санайсыз ба?